ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ

ҚҚДИ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ | Қазақстандық қоғамдық даму институты

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ КЕШЕНДІ БАЯНДАМА

КОМПЛЕКСНЫЙ ДОКЛАД О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СОВЕТОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

НҰР-СҰЛТАН, 2020

УДК 351/354
ББК 67.401.21
К-63

«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ Әдістемелік кеңесі баспаға ұсынған

Редакциялық алқа:
Кайдарова Ә.С., с.ғ.д.
(жалпы редакция),
Мысаева Г.А., Төлегенов Б.Б., Жұмағұл Ж.А.,
Мысаева Г.А. (шығаруға жауапты).
Рецензенттер:
Асылтаева Э.Б., Ph.D., Пусырманов Н.С., Ph.D., Жусупова А.С., с.ғ.к.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестердің қызметі туралы кешенді баяндама: баяндама/ред. Кайдарова Ә.С. – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2020. – 200 б.

Баяндамада «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ Қоғамдық процестерді зерттеу орталығының авторлық ұжымы дайындаған талдамалық есеп ұсынылған. Есепте қоғамдық кеңестердің сандық құрамына сапалы талдау жасалған, ҚК қызметін ақпараттық қолдауға бағалау жүргізілген, жаппай және жан-жақты сауалнама нәтижелері мен талдаулары ұсынылған. Сондай-ақ жергілікті және республикалық деңгейлердегі қоғамдық кеңестер қызметінің оң практикалары мен проблемалық мәселелері анықталды.

Басылым «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаттарын енгізумен айналысатын әр түрлі сала мамандарына арналған.

Рекомендовано к печати Методическим Советом НАО «Казахстанский институт общественного развития «Рухани жаңғыру»

Редакционная коллегия:
Кайдарова А.С., д.п.н.
(общая редакция),
Мысаева Г.А., Толегенов Б.Б., Жумагул Ж.А.,
Мысаева Г.А. (ответственный за выпуск).
Рецензенты:
Асылтаева Э.Б., Ph.D., Пусырманов Н.С., Ph.D., Жусупова А.С., с.ғ.к.

Комплексный доклад о деятельности общественных советов в Республике Казахстан: доклад/Под ред. Кайдаровой А.С. – Нур-Султан: НАО «Казахстанский институт общественного развития «Рухани жаңғыру», 2020. – 200 стр.

В докладе представлен аналитический отчет, подготовленный авторским коллективом Центра изучения общественных процессов НАО «Казахстанский институт общественного развития «Рухани жаңғыру» посвящен современному развитию общественных советов в Казахстане. В отчете представлен качественный анализ количественного состава общественных советов, проведена оценка информационного сопровождения деятельности ОС, результаты и анализы массового и глубинного опросов. Также выявлены положительные практики и проблемные вопросы деятельности общественных советов на местном и республиканском уровне.

Издание адресовано широкому кругу специалистов, занимающихся внедрением принципов «слышащего государства».

ISBN 978-601-08-0254-4

© «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ, 2020
© НАО «Казахстанский институт общественного развития «Рухани жаңғыру», 2020

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ ИНСТИТУТЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ КЕШЕНДІ БАЯНДАМА

Нұр-Сұлтан, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ **6**
1-БӨЛІМ. Қоғамдық кеңестер институтының қызметі **13**
1.1. Шешілген кейстер призмасы арқылы қоғамдық кеңестердің қызметі 15
1.1.1. Карасу – абаттандыру бойынша жасыл жоба 16
1.1.2. Қаңғыбас жануарларға ізгілікті қарау бойынша «Мейірімді қала» жол картасы 15
1.2. Қоғамдық кеңестер мүшелерінің пікірлері призмасы арқылы қоғамдық кеңестер қызметі 17
1.3. БАҚ-та жария ету арқылы қоғамдық кеңестердің қызметі 35
1.3.1. Республикалық БАҚ-ды талдау 36
1.3.2. Өңірлік БАҚ-ды талдау 37
1.4. Әлеуметтік желілер арқылы қоғамдық кеңестердің қызметі 42
1.4.1 Әлеуметтік желілердегі ҚК парақшаларын талдау 42
2-БӨЛІМ. ҚР қоғамдық кеңестерінің қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді талдау **52**
2.1. 2019 жылғы кешенді баяндамада көрсетілген ҚР қоғамдық кеңестерінің қызметі саласындағы НҚА талдау 52
2.2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық кеңестер қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шеңберінде баяндалған ұсыныстар 53
2.3. Қоғамдық бақылау институтының призмасы арқылы қоғамдық кеңестердің қызметін кеңейту 55
2.3.1. Шетелдік тәжірибе призмасы арқылы қоғамдық бақылау 57
2.3.2. Қоғамдық бақылау принциптерін заңнамалық бекіту 62
2.3.3. Азаматтың қоғамдық бақылауды ұйымдастыруға, өткізуге және оның нәтижелерін талқылауға қатысуына байланысты оның қауіпсіздік кепілдіктері 63
2.3.4. Қоғамдық бақылау нысанасының шекараларын белгілеу 64
2.3.5. Қоғамдық бақылаудың нақты әдістері мен тәсілдерін айқындау 65
2.3.6. «Қоғамдық бақылау» анықтамасы 65
2.3.7. Сатып алу комиссияларының жұмысы кезіндегі қоғамдық бақылау 66
3-БӨЛІМ. Қоғамдық кеңестердің сапалық және сандық сипаттамаларын талдау **68**
3.1. Жергілікті деңгейдегі қоғамдық кеңестер 68
3.1.1. Сапалық құрамды талдау 68
3.1.2. Жас құрамын талдау 75
3.1.3 Гендерлік құрамды талдау 77
3.1.4 Қоғамдық бақылауды жүзеге асыруды талдау 79
3.2. Республикалық деңгейдегі қоғамдық кеңестер 81
3.2.1 Сапалық құрамды талдау 81
3.2.2 Жас құрамын талдау 84
3.2.3 Гендерлік құрамды талдау 85
3.2.4 Қызметті талдау 86
ЖАЛПЫ ҰСЫНЫМДАР **90**
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ **98**

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

СЖҚІА ..... Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
МҚІА ..... Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
МҚК ..... мемлекеттік қазынашылық кәсіпорын
ТКШ ..... тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
ПИК ..... пәтер иелерінің кооперативтері
ШОБ ..... шағын және орта бизнес
ЖАО ..... жергілікті атқарушы орган
СИМ ..... Сауда және интеграция министрлігі
ЦДИАӨМ ..... Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш
..... өнеркәсібі министрлігі
ЭГТРМ ..... Қазақстан Республикасының Экология,
геология және табиғи ресурстар министрлігі
ІІМ ..... Ішкі істер министрлігі
ДСМ ..... Денсаулық сақтау министрлігі
ИИДМ ..... Қазақстан Республикасының Индустрия және
..... инфрақұрылымдық даму министрлігі
СІМ ..... Сыртқы істер министрлігі
АҚДМ ..... Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
МСМ ..... Мәдениет және спорт министрлігі
ҰЭМ ..... Ұлттық экономика министрлігі
БҒМ ..... Білім және ғылым министрлігі
АШМ ..... Ауыл шаруашылығы министрлігі
Қаржы мині ..... Қаржы министрлігі
ЭМ ..... Энергетика министрлігі
Әділет мині ..... Әділет министрлігі
ҮЕҰ ..... Үкіметтік емес ұйымдар
НҚА ..... Нормативтік құқықтық актілер
ҚК ..... Қоғамдық кеңестер
ЭЫДҰ ..... Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ҚР ..... Қазақстан Республикасы
РФ ..... Ресей Федерациясы
АҚШ ..... Америка Құрама Штаттары
БАҚ ..... бұқаралық ақпарат құралдары
ФАП ..... фельдшерлік-акушерлік пункт
ӘМСҚ ..... Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры
ТЖ ..... төтенше жағдай

КІРІСПЕ

Осы жұмыста Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестер институтының дамуына талдау жасалған. Қоғамдық кеңестердің сапалық және сандық құрамы призмасы арқылы өңірлік және орталық қоғамдық кеңестердің қызметін талдау кезінде Қазақстандағы қоғамдық кеңестер институтын дамыту мәселелері зерделенді. Зерттеу шеңберінде 1200 респондентті қамти отырып, жаппай сауалнама және Қазақстанның 17 өңіріндегі қоғамдық кеңестердің 50 өкілін қамти отырып, жан-жақты сауалнама жүргізілді. Сондай-ақ, өңірлік және республикалық интернет-ресурстардың мониторингі арқылы қоғамдық кеңестердің қызметі туралы халықты хабардар ету қалай жүзеге асырылатыны қаралды. ҚР қоғамдық кеңестерінің қызметі саласындағы нормативтік - құқықтық актілер қаралды.

Сапалық және сандық құрамды, интернет-ресурстарды, сауалнамаларды талдау негізінде ұсынымдар берілді, сондай-ақ қоғамдық кеңестер мүшелеріне шешу үшін кейстер мысалдары ұсынылды.

Даму дәрежесі. Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестер институтының жұмысы қолданысқа енгізілген сәттен – 2016 жылғы қаңтардан бастап назарда тұр. Жұмыстың жүйелі негізде құрылуы: қолданыстағы заңнама бөлігіндегі өзгерістер мүдделі тараптардың – халықтың, жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен қоғамдық нысандардың дамуы байқалады.

Талдау аясында бірқатар шетелдік авторлардың, олардың ішінде: Дж.Зиммерманның, В.О.Лучиннің, Н. А.Боброванын, А. Н. Пархоменконың, В. В. Комарованың, А. В. Кудрявцевтің, Н. В. Юдинаның, Д. А. Околышевтің, И. А. Околышеванын, Г. Н. Чеботаревтің, О.Аверниевтің, С. М. Зубаревтің, Н. Н. Кулешованың, О. С. Забраловтың, Е. Н. Кобыльченконың, В. В. Грибтің және т. б. еңбектері қаралды, сонымен қатар ақпараттық және желілік порталдардың материалдары, ашық деректер зерттелді.

Мақсаты – Қазақстан Республикасында қоғамдық кеңестер институтының дамуын талдау.

Міндеттері:

1) қоғамдық кеңестердің сапалық және сандық құрамы призмасы арқылы өңірлік және орталық қоғамдық кеңестерге талдау жасау;

2) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын қоғамдық кеңестердің қызметі туралы халықты хабардар ету мәні және қоғамдық кеңестердің қызметі туралы халықты хабардар ету нысаны тұрғысынан талдау жасау;

3) 1200 респондентті қамти отырып, халыққа жаппай сауалнама жүргізу;

4) бір өңірдің кемінде 3 өкілін қамти отырып, қоғамдық кеңестер мүшелеріне жан-жақты сауалнама жүргізу;

5) қоғамдық кеңестер қызметінің оң практикасының мысалдарын қарастыру;

6) ҚР қоғамдық кеңестерінің қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ қоғамдық бақылау функцияларын іске асыру кезінде қоғамдық кеңестердің қоғамдық құрылымдармен өзара іс-қимыл тетіктерін талдау.

Зерттеу нысаны. Зерттеу барысында: өңірлік және республикалық деңгейлердегі қоғамдық кеңестер мүшелерінің сандық көрсеткіштері; қоғамдық кеңестердің сайттары мен әлеуметтік парақшалары; халықты қоғамдық кеңестердің қызметі туралы хабардар ету призмасы арқылы өңірлік және республикалық БАҚ-тағы жарияланымдар; қоғамдық кеңестер институтының іс-қимылы бөлігіндегі заңнамалық база қаралды.

Зерттеу пәні – қоғамдық кеңестер институтын дамытуда қолданылатын құралдар мен тетіктер.

Зерттеу проблемасы қоғамдық кеңестер институтын дамытуда қолданылатын құралдар мен тетіктер бағалаудың тиімділігіне әр түрлі әсер етуінен туындап отыр.

Бұл зерттеу **қолда бар тәсілдерді анықтауға және олардың негізінде жаңаларын ұсынуға** бағытталған.

Заң қабылданғаннан кейін бірқатар өңірлерде қоғамдық кеңестердің белсенді болғаны байқалды және **оны оң шешілген кейстер растайды.** Мәселен, пандемия кезінде ҚК мүшелері отырыстарда медициналық қызмет көрсету, олардың сапасы, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, ақшалай өтемақы төлеу мәселелерін қарады. Коронадағдарыс ҚК мүшелері қарастыратын мәселелер ауқымына ғана емес, сонымен қатар ҚК мүшелері онлайн режиміне өткен кездегі жұмыс форматына да әсер етті.

Қоғамдық кеңестер институтының қызметін бағалау жаппай сауалнама призмасы арқылы қаралды[1]. Осылайша, сұралғандардың **20,3%-ы қоғамдық кеңестердің жұмысымен таныс** және **сұралғандардың төрттен бірі** (24,8%) **қоғамдық кеңестердің жұмысы туралы естігендерін** айтты. Сұралғандардың 72,6%-ы қоғамдық кеңестердің жұмысына бейтарап қарайды. **Респонденттердің 21,0%-ы оң көзқарасты екенін атап өтті.** Респонденттердің 6,3% «теріс» деген жауап нұсқасын таңдады (1-сурет).

1-сурет.

Өңірлік бөліністе Қызылорда (50,0%), Ақтөбе (22,8%), Атырау (20,5%), Батыс Қазақстан (20,5%) және Қарағанды (18,6%) облыстарында қоғамдық кеңестің мүшесі болуға әзірліктің/ниеттің жоғары көрсеткіші байқалды (1-кесте).

1-кесте. Қоғамдық кеңестің мүшесі болғыңыз келе ме? (%-бен,өңірлік бөліністе)

	Иә	Жоқ	Білмеймін	Бірінші рет естуім
Қазақстан Республикасы	11,8	47,9	28,9	11,3
Ақмола облысы	5,9	29,4	37,3	27,5
Ақтөбе облысы	22,8	42,1	24,6	10,5
Алматы облысы	10,2	26,6	50,8	12,5
Атырау облысы	21,1	50,0	7,9	21,1
Батыс Қазақстан облысы	20,5	54,5	18,2	6,8
Жамбыл облысы	0,0	34,3	59,7	6,0
Қарағанды облысы	18,6	59,8	16,5	5,2
Қостанай облысы	14,1	53,1	12,5	20,3
Қызылорда облысы	50,0	29,2	14,6	6,3
Маңғыстау облысы	15,0	52,5	27,5	5,0
Түркістан облысы	5,5	73,4	18,3	2,8
Павлодар облысы	5,6	50,0	27,8	16,7
Солтүстік Қазақстан облысы	2,5	45,0	30,0	22,5
Шығыс Қазақстан облысы	4,1	54,1	34,7	7,1
Нұр-Сұлтан қ.	4,2	9,9	54,9	31,0
Алматы қ.	15,0	48,9	27,1	9,0
Шымкент қ.	3,3	96,7	0,0	0,0

[1] «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ жүргізген халыққа жалпы сауалнама нәтижелері (2020 жылғы 1-14 қазан.)

Сонымен қатар, **Солтүстік Қазақстан** (27,5%), **Қостанай** (18,8%), **Батыс Қазақстан** (11,4%) облыстарында төмен баға («теріс» жауап нұсқасы) жиі қойылды (2-кесте).

2-кесте. Қоғамдық кеңестердің жұмысына қалай қарайсыз? (%-бен, өңірлік бөліністе)

	Оң	Теріс	Бейтарап
Қазақстан Республикасы	21,0	6,3	72,6
Ақмола облысы	13,7	2,0	84,3
Ақтөбе облысы	56,1	1,8	42,1
Алматы облысы	16,4	7,8	75,8
Атырау облысы	31,6	2,6	65,8
Батыс Қазақстан облысы	45,5	11,4	43,2
Жамбыл облысы	13,6	0,0	86,4
Қарағанды облысы	23,7	6,2	70,1
Қостанай облысы	20,3	18,8	60,9
Қызылорда облысы	62,5	6,3	31,3
Маңғыстау облысы	0,0	0,0	100,0
Түркістан облысы	11,0	10,1	78,9
Павлодар облысы	11,1	3,7	85,2
Солтүстік Қазақстан облысы	15,0	27,5	57,5
Шығыс Қазақстан облысы	17,5	0,0	82,5
Нұр-Сұлтан	18,3	4,2	77,5
Алматы қ.	21,8	7,5	70,7
Шымкент қ.	3,3	0,0	96,7

Бұл ретте қоғамдық кеңестің мүшесі болуға дайындық сауалнамаға қатысушылардың гендерлік қатыстылығына байланысты емес. Сауалнамаға қатысқан ерлердің 12,4% - ы және сауалнамаға қатысқан әйелдердің 11,3%-ы қоғамдық кеңестің мүшесі болғысы келеді (2-сурет).

2-сурет.

Бір қызығы, сауалнамаға қатысқан қазақ этникалық тобының өкілдері басқа этникалық топтардың өкілдеріне қарағанда (5,8%) **қоғамдық кеңестің мүшесі болуға жиі дайын екендіктерін** айтады (3-сурет).

3-сурет.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, **қоғамдық кеңестердің жұмысы туралы неғұрлым ақпараттандырылғандар** сұратылған **қазақтар** (22,3%) болып табылатыны өзіндік рөл атқаруы мүмкін, ал **хабардар етуді төмен деңгейі басқа этностық топтардың өкілдерінде** (14,5%) байқалды (4-сурет).

4-сурет.



Жалпы, сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қалалық және ауылдық сұралғандардың да қоғамдық кеңестердің жұмысы туралы хабардар болу деңгейі «тең» - тиісінше 19,8% және 21,0% (5-сурет).

5-сурет.



Бірақ, қоғамдық кеңестің мүшесі болғысы келмейтіндердің арасында **қалалық сауалнамаға қатысушылардың** мүшеліктен **бас тартуда бірбеткейлігі** байқалады, ал ауылдық сауалнамаға қатысушылар арасында күмәнданатындар және «білмеймін» деп жауап беретіндердің үлесі жоғары (6-сурет).

6-сурет.



Сонымен қатар, **қалалық жағдайда қоғамдық кеңестердің жұмысы анағұрлым айқын көрінеді,** өйткені шектеулі кеңістік жағдайында шешім қабылдаудағы барлық мүдделі топтардың өзара байланысы анықталады. Егер қала тұрғындары жұмысқа қатысудан бас тартса, онда олар мұның пайдасын көрмегендіктен болып отыр.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қоғамдық кеңестердің жұмысы туралы жоғары хабардар болу **білім, ғылым саласында (26,5%), мемлекеттік қызметте (30,9%), әлеуетті құрылымдар өкілдері арасында (35,7%), ақпараттықтехнологиялар және телекоммуникация саласында (30,8%) жұмыс істейтін сұралғандар арасында** байқалды (3-кесте). Бұл қоғамдық кеңестердің мемлекеттік органдар жанынан құрылуымен түсіндіріледі.

3-кесте. Қоғамдық кеңестердің жұмысымен таныссыз ба? (%-бен, жұмыспен қамтылу саласы бөлігінде)

	Иә	Жоқ	Білмеймін	Бірінші рет естуім
Орташа көрсеткіш	20,3	40,2	17,7	21,9
Білім, ғылым, медицина	26,5	41,0	18,1	14,5
Мемлекеттік қызмет	30,9	32,7	20,0	16,4
Әлеуетті құрылымдар, әскери қызметші, полиция , басқалар	35,7	28,6	21,4	14,3
Сауда саласы	19,1	43,5	18,3	19,1
Ауыл шаруашылығы	15,8	45,6	15,8	22,8
Құрылыс саласы	21,4	48,6	12,9	17,1
Көлік саласы	14,9	25,5	23,4	36,2
Ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялар саласы	30,8	38,5	11,5	19,2
Қоғамдық тамақтану саласы	20,0	33,3	33,3	13,3
Жұмысшы мамандықтары	16,2	40,5	12,2	31,1
Көрсетілетін қызметтер саласы	23,4	40,5	21,6	14,4
Жұмыс істемеймін	16,7	39,8	17,6	25,9
Қаржы, банктер	-	50,0	16,7	33,3
Энергетика саласы	50,0	50,0	-	-
Спорт саласы	-	100,0	-	-
Өзін-өзі қамтығандар	-	33,3	-	66,7
Мәдениет саласы	100,0	-	-	-
Жеке кәсіпкер	100,0	-	-	-
Жауап беруге қиналамын	-	50,0	-	50,0

Зерттеу әдістері. Эмпирикалық – қоғамдық кеңестердің сандық және сапалық құрамының деректері (ашық дереккөздерден, сұрау салулардан, сауалнамалар арқылы) өлшенді. Алынған мәліметтер негізінде өңірлік және республикалық бөліктерге талдау жасалды. 2020 жылғы 1-14 қазан аралығында халыққа жаппай сауалнама жүргізілді[2]. Сонымен қатар, барлық өңірлер мен республикалық маңызы бар қалалардың өкілдерімен жан-жақты сұхбат[3] жүргізілді. Қоғамдық кеңестер қызметінің мәселелеріне арналған жарияланымдарды анықтау мәніне электрондық өңірлік және республикалық БАҚ мониторинг жүргізілді.

Тәжірибелік-теориялық-қоғамдық кеңестер институтының проблемалық және осал жақтары ақпараттық өрісте ұсыну призмасы және мүдделі тараптардың пікірлері арқылы талданды. Зерттеуде оң шешілген кейстер мысалында қоғамдық кеңестер институтын одан әрі дамыту үшін бірқатар ұсыныстар берілген.

[2] «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ жүргізген халыққа жалпы сауалнама нәтижелері (2020 жылғы 1-14 қазан.)

[3] «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ. Қоғамдық кеңестердің өкілдерімен жан-жақты сұхбат. 2020 жылғы қазан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ДАМУЫ



Қоғамдық кеңестер: жалпы жақындау

Қоғамдық кеңестерді құру, оларды басқару құрылымына «енгізу» мемлекеттің **қоғамды басқару процестеріне қосу арқылы әкімшілендіру сапасын жақсартуға** ұмтылуымен байланысты. Бұл мақсат бірнеше уәждерден құралады: бір жағынан, **қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету,** екінші жағынан, **халықпен кері байланысты жақсарту, қоғамның мемлекетке деген сенімін арттыру, азаматтық сектордың субъективтілігі.** Жалпы алғанда, бұл мотивтер бірнеше жағдайлармен толықтырылатын саяси контекстті құрайды.

Біріншіден, қоғамдық кеңестер 2015 жылы Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаев бастамашылық еткен **бес институционалдық реформаның құрамдас бөлігі** болып табылады. Көрсетілген реформалар бағдарламасын іске асыру үшін мемлекеттік органдар мен әкімдер жанындағы қоғамдық кеңестердің рөлін күшейтуді көздейтін «100 нақты қадам» ұлт жоспары әзірленді (99-қадам). 2019 жылы басталған билік транзиті бес институционалдық реформаның да, ұлт жоспарының да **саяси маңызын арттырды.** Екі құжат та **Елбасы бағдарының сабақтастығы индикаторларының бірі болып, оның саяси мұрасының бір бөлігін құрады.**

Екіншіден, қоғамдық кеңестерді құру арқылы **мемлекет жүйе мен менеджментті қоғамның басқару және шешім қабылдау процестеріне ұсынылуын/қатысуын кеңейту сұранысына бейімдейді.** Осылайша, бір жағынан, **төменнен қысымды теңестіру,** екінші жағынан, **күн тәртібін модельдеу мен жаңғыртуда бастамашылық етуді сақтап қалу.**

Үшіншіден, қоғамдық кеңестер **сыртқы саяси ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл аясын кеңейте отырып, еліміздің демократиялық бағытқа бейімділігін халықаралық трекке трансляциялауға мүмкіндік береді.**

Осылайша, **саяси контекст мемлекеттен қоғамдық кеңестерге өтіп отыратын «жетекші белдік» ретінде әрекет етеді.** Бұл, мысалы, жылдам іске қосылудан көрінеді: **2015 жылғы наурыздан желтоқсанға дейін құқықтық база құрылды, 2016 жылғы қаңтардан бастап қоғамдық кеңестер жұмысқа кірісті.** Бұдан басқа, мемлекет қоғамдық кеңестер қызметінің негізгі параметрлерін (оның ішінде жыл сайынғы кешенді баяндамалар арқылы) тұрақты негізде қадағалап отырады.

Баяндамалар шеңберінде жасалған қорытындылар негізінде қоғамдық кеңестердің қызметі түзетіліп, жетілдірілуде. Осындай назар аударудың арқасында **қоғамдық кеңестер қысқа мерзім ішінде** келесі нәтижелермен **қалыптасу кезеңінен өтті:**

қоғамдық кеңестер қызметінің үнемі толықтырылып, кеңейтіліп отыратын **құқықтық негізі қалыптастырылды;**

- **қоғамдық кеңестердің екі деңгейлі құрылымы** (орталық және жергілікті деңгейлер) атқарушы биліктің барлық вертикалын «қамтиды»;
- **азаматтық қоғамды бюрократиялық рәсімдерге қосу;**
- қоғамдық кеңес юрисдикциясының анықтамасы **мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы өзара қарым-қатынасқа жүйелі және регламенттелген** сипат берді.

Қоғамдық кеңестердің **азаматтық қоғам мен мемлекет ынтымақтастығының сапалы жаңа форматына** айналуы заңды. Сонымен бірге, қоғамдық кеңестерді институттандыру табиғатқа қатысты табиғи және сөзсіз **өсу қиындықтарымен** бірге жүреді, олар сараптамалық күн тәртібінде әр түрлі полюсті бағалары бар дискурс қалыптасқан.

Бірінші тәсіл олардың қоғамға немқұрайлылығымен, оның конформизмімен, сондай-ақ азаматтық субъективтіліктің төмендігімен және азаматтық сектордың әлсіз институттандырылуымен түсіндіріледі.

Екінші тәсіл қоғамдық кеңестер қоғамдық заңдылықтың әсерін жасау бойынша дизайнның бөлігі болып табылатын және имитациялық қондырмаға ұшырайтын саяси жүйенің жалғыз орталық призмасы арқылы қоғамдық кеңестердің өсу қиындықтарын қарастыратын тікелей қарама-қарсы ұстанымнан туындайды.

Өз кезегінде, ағымдағы жағдайдың жалпы көрінісін жасау және оған сәйкес келу қоғамдық кеңестердің қызметін кешенді және жүйелі түрде бағалауға, процестерді динамикада бақылауға, сапалық және сандық көрсеткіштерді кеңінен түсіндіруге, нәтижелерді қорытындылауға, соның негізінде қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге және олардың даму перспективаларын анықтауға мүмкіндік береді.

1.1. Шешілген кейстер призмасы арқылы қоғамдық кеңестердің қызметі

Осы баяндама аясында қоғамдық кеңестер жұмысының арқасында шешілген жобалар қаралатын болады. Кейстердің мысалдары алынды, оған жекелеген азаматтар да, белсенділер тобы да қатысты, олар қоғамдық кеңес мүшелерімен қатар өз жобалары арқылы жаңа деңгейге – қоғам санасын жаңғыртуға шықты. Мұнда әркім өз бетінше әрекет ете бастайды және одан әрі қоғамды – алдымен немқұрайлы емес қоғамды «қосады», содан кейін қоғамдық кеңестер арқылы жергілікті билік түрлі мәселелерді шешуге кіріседі.

Сонымен, Қарасу қаласын абаттандыру жобасы бір адамның үлкен ниеті «батпақты» тартылыс орталығына айналдыра алатындығын айқын көрсетеді, онда адамдар демалып, жағымды эмоциялар ала алады (шетелдік практикада мұндай нұсқалардың көптеген мысалдары бар). «Мейірімді қала» жобасы болашақта қоғамда жануарларға адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынасты болдырмауға мүмкіндік береді.

Тек 2020 жылы жануарлар мен қоршаған орта ерекше қатыгездік объектілеріне айналуына басты кінәлілер болып табылған адамдар «үлкен» жағдайлардың куәгерлеріне айналды.

Қорғансыз жануарларды мазақ ету және су объектілерін ойланбай ластау және т.б. да мысалдармен «тәрбиеленетін» балалардың өз жерін сүйетін және қорғайтын патриоттар болып өсуі екіталай. Мұнда қоғамдық кеңестерде қолдау табатын жобалардың басымдықтарын дұрыс қою, оның ішінде қоғамды қайта тәрбиелеуде де шешуші рөл атқаруы мүмкін.

1.1.1. Карасу – абаттандыру бойынша жасыл жоба

Алматы қаласының қоғамдық кеңесі қаладағы алғашқы коллаборация тәжірибесінің – Қарасу шағын ауданында абаттандыру жобасын іске асырудың қатысушысы болды. Жобаның бастамашысы жергілікті тұрғын Сергей Васильев болды, ол оны шешуге басқа жергілікті тұрғындарды ғана емес, қала билігін, жобалаушыларды, белсенді қала тұрғындарын, Алматыны дамыту орталығын, сарапшыларды және басқаларды тарта алды.

Жоба 2017 жылы «Жаңа азаматтық бастамалар» бағдарламасы аясында «Алматы қаласының орталық емес аудандарын дамытуға арналған әлеуметтік жобалар» конкурсына өтінім берілген кезде басталды[4]. 2017 жылдың соңында қаланың қоғамдық кеңесі көлді одан әрі жақсарту туралы бастаманы қолдады, бұл жобаны тұрақты етті және 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында Британдық кеңес бастаған «БізАлматы» гранттар конкурсы жеңімпаздарының бірі ретінде Сорос-Қазақстан қорының қаржылай қолдауына ие болды. Осылайша, Қарасу көлінің жағасында қоғамдық кеңістік құру туралы шешім қабылданды.

Осылайша, жоба «қала жолаушыларынан» нағыз тұрғындарға, қалалықтарға айналуға мүмкіндік берді. Бұл өте маңызды, өйткені адамдарсыз, нағыз оқиғалармен толтырылмаған инфрақұрылымның мәні жоқ»[5].

Жоба қоғамдық кеңестің отырыстарында 2018-2020 жылдары талқыланды. Себебі, мұндай жобалар ұзақ мерзімді болып табылады, бұл қала жұртшылығын ғана емес, оны іске асыруға барлық жергілікті тұрғындарды тартуға мүмкіндік береді. 2018 жылы қаланың қоғамдық кеңесі мен «БізАлматы» серіктестерінің қолдауымен әкімдік жобаны қолдады, жобалау-сметалық құжаттама жасалып, қаржыландыру бөлінді[6]. 2019 жылы рекреациялық аймақты құруға ЖСҚ әзірлеу аяқталды. Учаскедегі жұмыстар ағымдағы жылдың көктемінде басталды[7]. Саябақ аймағы бойынша жұмыстар 70%-ға аяқталды: негізгі жер жұмыстары жүргізілді, амфитеатр, балалар және спорт алаңдары үшін іргетас қаланды, коммуникациялар жүргізілді, жаяу жүргіншілер жолдары төселді және жерасты суларын бұру жүргізілді. 2019 жылы қоғамдық кеңесте жоба басым жобалардың қатарында екені айтылды. Қоғамдық кеңестің отырыстарында жоба бірнеше рет және ауыр мәселелердің қатарында талқыланды: осы көлмен шектесетін жер учаскелерінің тиесілігі; су айдынының жай-күйі; ағынды көлден суды талдау; суды тазарту мәселелері қаралды. БАҚ пікірі бойынша «Қарасу жобасы-Алматы, мүмкін Қазақстан тарихындағы алғашқы жоба, қала билігі адамдарға емес, адамдар билікке келген абаттандыру жобасы»[8].

[4] https://urbanforum.kz/karasu_project
[5] https://urbanforum.kz/karasu_project
[6] https://the-steppe.com/razvitie/reportazh-s-karasu-kak-neravnodushnye-lyudi-menyayut-svoy-rayon-k-luchshemu
[7] https://www.inalmaty.kz/news/2859920/v-almaty-zaversaetsa-stroitelstvo-parkovoj-zony-v-rajone-ozera-karasu
[8] https://vlast.kz/gorod/25817-ziteli-mikrorajona-karasu-hotat-blagoustroit-svoe-ozero.html

1.1.2. Қаңғыбас жануарларға ізгілікті қарау бойынша «Мейірімді қала» жол картасы

Алматыда қоғамдық кеңестің жанынан 2016 жылдың қазан айында #мейірімді_қала_ жобасы жұмыс тобы құрылды. Бірнеше ай ішінде зоотехниктер қаңғыбас жануарлардың санын ізгілікпен реттеу бағдарламасының жобасын әзірлеп, қалалық Ауыл шаруашылығы басқармасына жіберді. 2017 жылғы маусымда жұмыс тобы қоғамдық кеңеспен және Ауыл шаруашылығы басқармасымен бірлесіп «жануарлардың әл-ауқатының жол картасы» жобасын құрды.

«Мейірімді қала» жол картасының мақсаты – мүмкіндігінше көп жануарларды жою емес, олардың көшеде қалып қоймауына жағдай жасау .

«Мейірімді қала» картасының басты міндеті – адамдарды төрт аяқты жануарларды көшеге лақтыруын қойдыру және қоғамды жануарларға ізілікпен қарауға үйрету.

«Жол картасы» үй жануарларын тегін піштірумен басталды, себебі мысықты лақтыра салатын, көктемде саяжайда күшікті асырап, оны күзде тастап кететін кейбір адамдар бар.

Отырыстарда «Жануарларды аулау қағидалары», «Жануарларды ұстау туралы» Заң, жануарларды аулау қызметкерлері тарапынан жануарларға қатыгездікпен қарау нысандары және т. б. сияқты мәселелер тұрақты түрде қарастырылды, мамандар бұл бөлікте қазақстандық заңнама жоқ екенін, ал мысықтарда, иттерде және қалалық пәтерлердің басқа мекендеушілерінде құқықтық мәртебесі болмағанын және жоқ екенін атап өтті. Бұл ретте еуропалық және әлемнің көптеген басқа елдерінде мұндай заңдар жұмыс істейді, ал жануар «сезімтал тіршілік иесі» деп танылады және оған құқықтар, соның ішінде заңды қорғау құқығы берілген .

Мұндай санаттар ресмилендірілгеннен кейін ҚР Қылмыстық кодексін садистер мен догханттарға қолдануға болады. Сондай-ақ мынадай: үй жануарларын күтіп-бағуға салынатын салық (және көбінесе зарарсыздандырылмағандарға арналған мөлшерлемесі жоғары), құзыретті органдардың міндетті түрде тіркеуі, чиптеуі және тұрақты бақылауы; жауапкершілікті қосымша сақтандыру; тиісті түрде күтіп-бақпағаны үшін айыппұлдар сияқты бірқатар мәселелерді шешу қажет .

Жұмыс нәтижелерінен: 1) «2 жыл ішінде бюджеттен иелері бар иттер мен мысықтарды кастрациялау және стерильдеу бойынша 22,5 мың операция төленді. Қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасында науқанның әсері есептелді: ауланған және кәдеге жаратылған жануарлардың саны 2015 жылмен салыстырғанда 23 мыңнан 16 мыңға дейін азайды, демек, қала көшелерінде иесіз жүретін төртаяқтылар объективті түрде азайып келеді»; 2) Алматыда мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шарттарында АПВҚ арналған алаң болатын ірі орталық салынады, мұнда қажетсіз қалған иттер мен мысықтарды күтіп-бағуға арналған питомник, басқа да зоосервистер пайда болады .

[9]https://www.kazpravda.kz/articles/view/ne-plodite-i-ne-razmnozhaite
[10]https://www.nur.kz/1790874-strasnoe-video-s-evtanaziej-sobak-pokazali-zoozasitniki-v-almaty.html
[11]https://www.kazpravda.kz/articles/view/ne-plodite-i-ne-razmnozhaite
[12]https://www.kazpravda.kz/articles/view/ne-plodite-i-ne-razmnozhaite
[13]https://www.kazpravda.kz/articles/view/ne-plodite-i-ne-razmnozhaite

1.2. Қоғамдық кеңестер мүшелерінің пікірлері призмасы арқылы қоғамдық кеңестер қызметі

Зерттеу аясында ҚК өкілдерімен жан-жақты сұхбат жүргізілді[14], онда әркім өз өңірінің мысалында ҚК қалай жұмыс істейтіні, неге назар аударылатыны және кері байланыс қалай жүзеге асырылатыны туралы айтты. Жалпы, талдау көрсеткендей, Қазақстандағы ҚК әлеуметтік сипаттағы түрлі мәселелер, оның ішінде: бірінші қажеттіліктегі тауарлар бағасының негізсіз өсуі; коммуналдық қызметтердің тарификациясы; сумен және газбен қамтамасыз ету; білім беру; экология; патриоттық тәрбие; жастарды дамыту; халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау; жер мәселелері; көшелерді қайта атау; елді мекендердің, саябақ аймағының аумақтарын абаттандыру; жолдарды салу және жөндеу және т. б. бойынша шешім қабылдайды және қарастырады.

Еліміздің әртүрлі өңірлерінде ҚК қызметі көптеген факторларға сүйене отырып жүзеге асырылатынын атап өту қажет, онда ҚК мүшелері мен ЖАО-ның өзара іс-қимылы үлкен рөл атқарады. Бұл жерде тараптардың бір-бірін «естуі» және жағдайды өзара басқару тетіктерінің болуы маңызды – осындай кейстер ағымдағы жылы да шешілген. Пандемия кезінде ҚК отырыстарында **медициналық қызмет көрсету, олардың сапасы, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, ақшалай өтемақы төлеу** сияқты өзекті мәселелер де болды. Коронадағдарыс ҚК мүшелері қарастыратын мәселелер ауқымына ғана емес, сонымен бірге ҚК **жұмыс форматына да әсер еткенін** атап өту қажет - ҚК мүшелері өз қызметін **әлеуметтік желілерді, тікелей эфирлерді және т. б. қолдана отырып, онлайн режиміне** ауыстырды:

> *«...Биылғы жылдың өзінде біз негізінен онлайн режимде жұмыс істеуге мәжбүрміз. Біз әлеуметтік желілерді, эфирлерді, онлайн қоғамдық қабылдауларды қайта құрудамыз және белсенді түрде пайдаланамыз» (Шығыс Қазақстан облысы, әйел.).*

ҚК мүшелерінің естілген және қабылданған жеке бастамаларынан өңірлердегі бірқатар кейстерді атап өтуге болады.

Шығыс Қазақстан облысы – ҚК белсенді қызметі: қажетті медициналық жабдықтарды сатып алуға, құқық қорғау органдарының өкілдерімен нәтижелі жұмысқа; халықтың мұқтаж санаттарын тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге; коммуналдық қызметтердің тарификациясына мониторингті жүзеге асыруға; өңірде коммуналдық қызметтер құнының көтерілуіне жол бермеу шараларына әсер етті.

[14]«Рухани жаңғыру»қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ. Қоғамдық кеңестер өкілдерімен жан-жақты сұхбат, қазан 2020 ж.

«..Көбінесе билік тарапынан: нақты жауапты шаралар қабылдануда, мысалы, жұмыс тобының ұсынысы бойынша денсаулық сақтау саласында медициналық жабдықтарды сатып алуға қаражат бөлінді. Бұл қоғамдық кеңестің, яғни денсаулық сақтау жөніндегі жұмыс тобының бастамасы, ұсыныстар тыңдалды, ақша бөлінді, жергілікті жерден сатып алынды, аталған жабдықтар жұмыс істеуде» (Шығыс Қазақстан облысы, әйел.).

«..Біз полициямен жұмыс жасау сияқты істермен айналыстық. Полициямен жұмыс барысында түсіндірме роликтер түсіріліп, хаттамалар қысқартылды» (Шығыс Қазақстан облысы, әйел.).

«...5-6 жыл бұрын науқастар тегін дәрі-дәрмек алуға мәжбүр болған, бірақ олар болмаған. Біздің сараптамалық топтың көмегімен біз қаржыландыруға қол жеткіздік және бүкіл Қазақстан бойынша пациенттер дәрі-дәрмек ала бастады. Екінші кезеңде ТКШ тобымен келісе отырып, сапалы жолдар салу, сондай-ақ коммуналдық қызметтердің жоғары тарифтеріне қол жеткізілді. ТКШ бойынша сараптамалық жұмыс тобы Өскемен қаласы бойынша 25 млн.теңгеге артық төленген ақшаны қайтару бойынша нәтижеге қол жеткізді. Мұндай сәттер барлық салада жеткілікті» (Шығыс Қазақстан облысы, ер.).

Алматы облысы: саябақ аймағына күрделі жөндеу жүргізілді, арық желісі реконструкциялаудан өтті: «...бастамалар адамдардың мұқтаждықтарына байланысты әлеуметтік мәселе болды. Бұл саябақтар. Біз 3 саябақта күрделі жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Талдқорған қаласы бойынша арық желісі. Саябақтар бойынша қаражат миллиардқа жуық теңгеге жетті. Арық желісі бойынша да үлкен сома бөлінді» (Алматы обл., ер.).

Атырау облысы: қаланы абаттандыру бойынша жұмыс жүргізілді және бірінші қажеттіліктегі тауарлар құнының көтерілуіне жол бермеу бойынша нарықтағы бағаға тұрақты мониторинг жүргізілуде:

«...Нарықтағы бағаны реттеуге қатысты ҚК бұған қатты әсер етті. Мәселені көтерді, өздері тексеріп, барып, сатушылармен және халықпен кездесті. ҚК әсер етті, облыс әкіміне жеткізді, кеңес өткізді. ҚК бұл мәселені ғана шешіп қоймай, қаланы абаттандыру, қоршау мәселесін де шешті» (Атырау обл., ер.).

Батыс Қазақстан облысы: ҚК мүшелері жер митингілері кезінде облыс басшылығының халықпен кездесуінің бастамашылары болды. Сондай-ақ, қаңғыбас жануарларды аулауда адамгершілік әдістерді қолдану; қалалық зираттарды жайластыру бойынша жұмыс; ТЖ кезіндегі төлемдерге қатысты түсіндіру жұмыстары бойынша мәселелер шешілді:

«...Жер митингілері басталған кезде ҚК жетекші рөл атқарды, яғни адамдар өте көп болды, облыс әкімі сол кезде Алтай Сейдірұлы болды және ол көптеген сұрақтар қойған, митинг өткізгендердің бәрін жинады және адамдар түрлі ұсыныстарын, қорқыныштарын, алаңдаушылықтарын айтқан, көшеде емес, барлығы «ойын айту» үшін жақсы алаң құрылды.

...Бізде қалалық зиратты (әсіресе мұсылман) жайластыру мәселелері талқыланды, оны ЖАО мен реттеді.

...Қаңғыбас жануарлар бойынша зоотехниктердің өтініштері болды, оларды ұйықтатып өлтірмеу және адамдардың көз алдында атпау, ұстаудың, зарарсыздандырудың және т.б. адамгершілік әдістері бойынша қағидаға толықтырулар енгізілді. Жануарларға қатысты көптеген сұрақтар болғанын атап өту қажет. Бірақ, өкінішке орай, әлеуметтік желілерде бұл сәттердің бәрі толық жария етілмеген. ҚК отырыстарында зоотехниктер тыңдалды, өйткені облыста үлкен резонанс болды.

...ТЖ кезінде 15 000 коммуналдық төлемді төлеу бойынша көптеген өтініштер болды. Бұл мәселемен бізде ТКШ және энергетика басқармасы айналысты, әсіресе зейнеткерлер неліктен оларға өтемақы берілмейтінін түсінбеді және "Ikomek", "109" құрған біздің облыс әкімдігі аталған мәселелермен күресе алмағандықтан бұл адамдар бізге келді және біз пандемияға қарамастан, түсіндіру үшін бетперде мен қолғап киіп жиналдық. Қазір ҚК-да кабинет, зал бар, онда санитарлық нормаларды сақтай отырып, 25 адамға дейін жинала алады, сондықтан карантин кезінде жиналуға тура келді, өйткені адамдар тірі адамдардан түсініктеме талап етті, себебі зейнеткерлер ZOOM-ды түсінбейді, көпшілігінде кнопкалы телефондар, жалпы ҚК осы мәселелерді шешуде үлкен рөл атқарды» (Батыс Қазақстан облысы, әйел.).

Қарағанды облысы: облыстың жекелеген аудандарында мұқтаж оқушыларға қаржылай көмек көрсету мәселелері, Жезқазған және Сәтбаев қалаларында сумен қамтамасыз ету, Саран қаласында жылумен қамтамасыз ету проблемаларын шешу.

«...«Жаппай оқыту» бағдарламасы аясында ұзақ уақыт бойы мұқтаж балалардың ешқайсысына қаржылық көмек көрсетілмеді. Өткен жылы ғана қоғамдық кеңестің бастамасымен бұл мәселені жеке көтердім. Қарағанды, Сәтбаев, Жезқазған қалаларының және Қарағанды облысының бірқатар аудандарының

балаларына тиісті көмек көрсетілді».

«...Сонымен қатар, Қарағанды облысы үшін өзекті тақырып – бұл экология мәселесі, сумен қамтамасыз етуге қатысты мәселелер. Бұл біздің Жезқазған, Сәтбаев қалаларымыз, яғни, бізде сумен қамтамасыз ету проблемасы бар екені баршаға мәлім. Тиісінше, ұзақ уақыт бойы бұл мәселе шешілген жоқ, белсенді қатысудың, соның ішінде біздің Қоғамдық кеңестің арқасында бұл мәселе шешіле бастады, яғни осы кенттің тұрғындары Сәтбаев қаласы мен Жезқазғанда көшіп, оларға тұрғын үй бере бастады...».

«...Бұдан басқа бізде Саран қаласын жылумен қамтамасыз етуге қатысты өзекті мәселе болды, бұл Қарағандының жанындағы қала. Онда орталық жылыту жоқ, ондаған автономды қазандық бар. Жыл сайын жылыту маусымы алдында жылу энергиясын беруге қатысты проблемалық мәселелер туындайды. Өткен жылы жылыту маусымы басталар алдында барлық кенттер көмірмен, шикізатпен қамтамасыз етілді»(Қарағанды облысы, ер).

«...Мысалы, дәрі-дәрмектерді рецепт бойынша беру. Бұл тақырып маған дәрігерге сияқты жақын. Мен бұл тақырыпты жақсы есімде сақтаймын. Азаматтар бұл мәселені қозғады. Қоғамдық кеңес қарап, шешім қабылдады, бір айдың ішінде облыста бәрі іске асырылды». (Қарағанды облысы, әйел.).

Павлодар облысы: Экология министрлігі Экологиялық кодекске тиісті түзетулер енгізген ұсыныстар берді.

«...Біз Экология министрлігіне тұрақты жұмыс істейтін экологиялық бекеттерді ұйымдастыруға және оларды «құбыр» деп аталатын өнеркәсіптік кәсіпорынның үстіне орнатуға ұсыныс жасадық. Бұл мәселені көтерудің себебі қазіргі заңнамаға сәйкес, егер кәсіпорын қалдықтар шығарса, оларды «құбырға» бекіту керек, әйтпесе ешқандай сот шағымды қабылдамайды...біздің ұсынысымыз жаңа экологиялық кодекске енгізілді, ол үшін Экология министрлігіне алғыс айтқым келеді.(Павлодар облысы, ер.) .

Нұр-Сұлтан қ.: ҚК отырыстарында ұсынылған ұсынымдардың 90%-ын мемлекеттік құрылымдар қолданады:

«..Көбінесе біздің ұсыныстарымыздың 90%-ын шынайы ұстанады және қолданады» (Нұр-Сұлтан қаласы, ер.).

Сонымен қатар, сұхбат барысында Жамбыл, Маңғыстау, Ақтөбе, Қостанай облыстары мен Шымкент қаласынан келген ақпарат берушілердің бір бөлігі ҚК ұсынымдары олардың өңірлерінде мемлекеттік шешімдер қабылдау кезінде ескерілмейтінін, ҚК әлеуеті өңірді дамыту үшін мүлдем пайдаланылмайтынын атап өтті. Оның орнына ҚК отырыстарында әкімдердің, басқарма бастықтарының және т. б. есептері талқыланады және тыңдалады. Сондай-ақ ақпарат берушілер мәслихаттардың функцияларымен қайталануын және осы өңірлерде ҚК жұмыс істеуінің формалды және декларативті сипатқа ие екенін атап өтеді.

«...Мен жұмыс істеген кезеңде қоғамдық кеңесте Азаматтық бастамалар болған жоқ. Себебі ешқандай қоғамдық маңызы бар мәселелер көтерілген жоқ. Негізінен мәслихат жұмысын қайталау болды. Яғни, бюджет мәселелері, аудан әкімдерінің есептері талқыланды. Бірақ олар мәслихатқа барып, есеп береді, бұл дұрыс емес. Қоғамдық кеңестің бұл істерді тыңдауы дұрыс емес. Әкімдердің есебінде жұмыстың жаңа форматы болуы мүмкін. Сол әкім халық алдында есеп беруі тиіс. Қоғамдық маңызы бар, әкімнің қандай да бір бастамаларын сол жерде жүзеге асыру үшін бізге қандай да бір жобаларды енгізбейді...

Бізде президиум бар, біз қарапайым мүшелерміз. Придиум ешқандай мәселелерді алға тартпайды. Біз құр бос айтып қоямыз» (Шымкент қ., ер.).

«..Кейбір ауылдарда амбулатория салу туралы ұсыныстар бар, мысалы, мен Қобда ауданының Белтабаново ауылындағы амбулаторияға күрделі жөндеу жүргізу туралы бір ұсыныс жасадым. Бірақ, өкінішке орай, бүгінгі күнге дейін бұл мәселе шешілген жоқ» (Ақтөбе облысы, ер.).

«...Біз жоспар бойынша жұмыс істейміз, азаматтық бастамаларымыз жоқ. Мен бұл мәселені көтеруді ұсындым, өкінішке орай, қолдау таппады. Біз есептерді тыңдаймыз, мәслихат отырыстарына қатысамыз. Менің жадымда жатақханаларда тұру жағдайларына қатысты сұрақтар болды. Өткен жылы қаланың техникалық колледждердің бірін жабу және нашар оқыған балаларды басқа оқу орнына ауыстыру туралы бастама болды. Оқушылардың ата-аналары шағымдана бастады. Мен хатшылыққа осы мәселені қала басшылығы деңгейінде көтеріп, ата-аналардың наразылығын тыңдауды ұсындым. Хатшылық ҚК қолдамады, өйткені олардың нақты жоспары бар. ...Екінші жыл мен қоғамдық кеңесте болдым, мені қызықтырмады, иә, коммуналдық мәселелер қаралды, дауласты, бірақ ештеңе шешпеді. ... Ағаштарды кесу бір жерде талқыланды, көшелердің атауын өзгертті, бірақ мұның бәрі ресми болып көрінеді. ..Біздің бірінші шақырылым жаман жұмыс істемеді, маған бәрі ұнады, бірақ құрамның жаңаруымен бәрі өзгерді. Мүмкін адамы фактор әсер еткен шығар. Бұл кеңесте өте беделді және ықпалды адамдар бар, бірақ белсенді

емес. Халықтың қоғамдық кеңесі сенім тудырмайды. Шынымды айтсам, мен мұнда екенімді ыңғайсыз сезінемін, өйткені мен ештеңе істемеймін. Тек кейде БАҚ-та сөз сөйлеймін, сұхбат беремін, бірақ мен ешқандай сұраныс жасамадым, бірде-бір сұрақпен айналыспадым, өйткені мен қандай мәселені көтерсем де, оны ешкім қарастырмайды...кез келген жағдайда құрам ыңғайлы адамдардан құралады, бұл менің субъективті пікірім» (Қостанай облысы, әйел.).

Сондай-ақ, жан-жақты сұхбатты талдау ҚК жұмысының нақты регламентінің жоқтығын көрсетті. ҚК мүшелерінің қоғамдық жұмыспен қамтылуы күніне **8 сағаттан тоқсанына 1 ретке дейін** өзгереді. Жалпы, сауалнамаға қатысқан ақпарат берушілердің көпшілігі (32,5%) күнделікті қоғамдық істермен айналысады (7-сурет). ҚК аясындағы жұмыс тек отырыстарға, талқылауларға қатысуды ғана емес, сонымен қатар **өңірлерге тұрақты сапарларды, халықпен кездесулерді де** білдіретінін атап өту қажет. ҚК мүшелері **ҚК отырыстарында талқылауға шығарылатын құжаттармен, есептермен, НҚА-мен танысуға** одан да көп уақыт жұмсайды.

«...Тікелей кеңес жиналған кезде, бұл бір жарым сағаттан аспайды, бірақ бұл тек жинау дегенді білдірмейді, өйткені кеңес қабырғасынан тыс жұмыс та, яғни талқылауға шығарылған кезде дайындық жұмыстары бар. Әрине, уақытты ұлғайтуға болады, мүмкіндігінше қоғамдық негізде жұмыс істейміз» (Атырау облысы, ер).).

«...Сұрақ дұрыс емес, өйткені ҚК - консультативтік-кеңесші орган, барлық мүшелер қоғамдық негізде жұмыс істейді және апта сайынғы қатысу пайызы туралы айту өте қиын. Себебі біз бір ай ішінде бірнеше рет кездесетін мәселелер бар, кейде пандемия жағдайында жиі онлайн режимінде кездесуге болады, ал қызметтің негізгі түрі - бұл кездесулер, бірақ жиналыстарға шығарылатын құжаттар мен НҚА-ны оқуды қамтитын тағы бір өлшенбейтін жұмыс бөлігі бар. Егер мұның бәрін ескерсек, онда отырып, қанша уақыт кететінін ойлау керек» (Нұр- Сұлтан қ., ер.).

«...Мен 8 сағаттық жұмыс күнін айта аламын, өйткені бізде қала бойынша офисте жұмыс істеуден басқа, әлі де шығулар бар, біз жыл сайын бүкіл облысты аралаймыз, әрбір аудан мен қалаға барамыз, қоғамдық кеңестермен, халықпен кездесеміз, яғни біздің жұмысымыз, халықпен тығыз жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі, егер мен 4 күн 8 сағаттық жұмыс күнін айтсам, онда бұл нақты жауапқа жақын болады» (Шығыс Қазақстан облысы, әйелдер.).

7-сурет.



30,2%-ы аптасына бірнеше рет, 5 сағатқа дейін ҚК-де жұмыс істеуге жұмсалады.

«...ҚК мүшелері ретінде біз комиссияға кірдік, онда біз пандемияға байланысты жағдайды, маскалар мен қолғаптарды кию қажеттілігін, қашықтықты сақтауды түсіндіруге тырысамыз. Бұл жұмыс аптасына 2-3 күнді, аптасына 2-3 сағатты алады. Ал жалпы ҚК 1-2 күн ішінде біз мәслихаттағы жиналыстарға қатысамыз немесе өз жұмысымызбен айналысамыз» (Ақтөбе облысы, ер.).

14%-ы аптасына бір рет қоғамдық істермен айналысады:

«...Әр аптаның сәрсенбі күні»(Қызылорда облысы, ер.).

«...Аптаның белгілі бір күні. Яғни, менде осындай тәртіп бар. Мысалы: дүйсенбі күні таза кәсіпкерлер қауымдастығы күні, сейсенбі күні бұл жеке тұлғалардың азаматтық кеңесі, сәрсенбі-медиация, мысалы, бейсенбі ҚК арнайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жанындағы топқа мониторинг жүргіземіз» (Қарағанды облысы, ер.).

9,3%-ы қоғамдық қызметке айына 1 реттен артық көңіл бөлмейді.

«...Облыстық қоғамдық кеңестің отырысы айына 1 рет болады. Қоғамық кеңес мүшесі ретінде осы жиынға үнемі қатысып отырамын» (Қызылорда облысы, әйел.).

«...Айына бір мәрте» (Түркістан облысы, ер.).

14%-ы мемлекеттік органдар тарапынан тапсырмалардың түсуіне қарай ҚК қызметі шеңберінде жұмыспен айналысуға тура келетініне сілтеме жасай отырып, нақты жауап берген жоқ:

«...ҚК шеңберінде нақты жұмыс тәртібі жоқ. Мұның бәрі ҚР СІМ тарапынан ҚК-мен жұмыс үйлестірушісі оның отырыстары арасында жіберетін, кейіннен олар бойынша менің ұсыныстарымды қалыптастыратын және жіберетін мәселелердің мазмұнына байланысты»(Алматы қ., ер.).

ҚК сайлау рәсімінің қажеттілігі туралы сұрақта сұралғандардың басым саны - 74,4%-ы ҚК жұмысындағы міндетті компонент ретінде сайланбалылықты көрсетті, өйткені ҚК шеңберіндегі қоғамдық қызмет халықтың проблемаларына бей-жай қарамайтын, халықтың белсенді азаматтық позициясы бар өкілдерді талап етеді, сондықтан ҚК мүшелерін сайлау қажет. Бұл ретте, ҚК-тегі сайлау транспаренттілік және ашықтық жағдайында өтуі тиіс. Тек осы жағдайда халық ҚК сенетін болады:

«...Міндетті. Сайлау міндетті түрде болуы тиіс, өйткені мұнда кездейсоқ адамдар болмауы керек, себебі барлық жобалар белгілі бір саланы, өмір саласын дамытуға бағытталған. Мен мұнда міндетті түрде қоғам таңдаған адамдар, қоғам сенетін адамдар болуы керек деп санаймын. Қалай болғанда да, сайлау ашық, айқын болуы қажет, сондықтан осы кеңеске келген адамдар кездейсоқ емес, шынымен де белгілі бір , өмірлік тәжірибеге ие болуы және тиісінше не ұсынатынын біліп, қандай да бір сайлау бағдарламасы болуы тиіс. Үлкен болмаса да, кейбір тезистер түрінде болсын. Адам не үшін келетінін және қандай мақсатпен келетінін білуі керек» (Ақмола облысы, әйел.).

«...Ия, әрине. Қоғам тарапынан ұсынымдар болуы керек. Әлеуметтік белсенді адамдарды қосу қажет " (Атырау облысы, ер).

Сондай-ақ, ҚК құрамында **қоғамдық пікір көшбасшылары** болуы керек деген сенім бар. Тек осы жағдайда ҚК қызметі тиімді болады:

«...Біріншіден, әрине, ҚК-да жалпыға бірдей танылған, еш жерден алынбаған көшбасшылар, атап айтқанда, пікірі қоғам үшін маңызды адамдар болуы керек. Бұл уақыт талабы. Сонда кеңестің жұмысы жүреді және болады. Ал белгісіз адамдар болған кезде, адамдардың ол жерде не істеп жатқанын түсінбейді» (Атырау облысы, ер.).

Алайда, сауалнамаға қатысқан ҚК мүшелерінің 20,9%-ы ҚК мүшелерін іріктеудің қолданыстағы жүйесі өте функционалды, сондықтан сайлау рәсімін енгізудің қажеті жоқ деп санайды.

«...Сайлау туралы айтар болсам - бүгінде ҚК мүшелерін іріктеуге арналған комиссия жұмыс істейді және менің ойымша, ол бұл тапсырманы өте жақсы орындайды. Яғни, халық арасында таңдау жариялау, меніңше, бұл артық, қажет деп санамаймын» (Шығыс Қазақстан облысы, әйел.).

«...Қоғамдық кеңеске мүшелерді сайлау турасында партия мүшелерінің белсенділерін тарту қажет сияқты. Ал, оны сайлау арқылы емес, ұсыныспен өткізген жөн шығар» (Жамбыл облысы, ер.).

«...Қазіргі уақытта ҚК мемлекеттік органдардың өкілдерінен және конкурстық негізде, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері мен азаматтардан тұратын жұмыс топтарымен қалыптастырылады. Сайлаудың бұл түрін қалдыру керек деп санаймын» (Павлодар облысы, ер.).

Қалған 4,7%-ы ҚК мүшелерінің сайлануы қажет, бірақ тек 50% жағдайда деп атап өтті. Себебі **істердің, бастамалардың, нәтижелердің сабақтастығы қажет.** Әйтпесе, сіз әр уақытта негіздерден, басынан бастап бастауыңыз керек. Жалпы, азаматтардың осы санатына сәйкес ҚК мүшелерін іріктеу рәсімі олардың **жұмыс сапасы мен белсенді қызметі** сияқты маңызды емес.

8-сурет.

ҚК құрамына 18 жастан 29 жасқа дейінгі **жастарды тарту туралы** үнемі пікірталастар болады. Мүмкін пікірдің әралуан болуына байланысты ол дискурстың тақырыбы болуда, оны сауалнама да растады, онда ҚК мүшелерінің пікірлері бөлінген. Сонымен, бір топ жастар міндетті түрде ҚК құрамында 10%-дан 50%-ға дейін жастар болуы керек деп санайды, ал екінші топ қарама-қарсы пікірді ұстанады, жастар әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша қоғамның пікірін білдіруге толық құзыретті емес, сондықтан жастардың ҚК-ға міндетті түрде қосылуын қолдамайды. Қалғандары квота бөлуге қарсы, өйткені ҚК құрамын қалыптастыру кезінде басты назарды басқаға аудару қажет деп санайды.

Жалпы алғанда, пікірлер былайша бөлінді, 65%-ы жастарды ҚК құрамына енгізу қажеттілігі туралы ұстанымды қолдайды, өйткені тек жастар ғана халықтың осы тобының қажеттіліктері мен ұмтылыстарын білдіре алады. Олардың ішінде ақпарат берушілердің 32,5%-ы ҚК-да халықтың әртүрлі санаттарының пропорционалды өкілдігін қолдайды. Мәселен, Қазақстанның жалпы әлеуметтік-демографиялық құрылымындағы жастардың үлесі 30%-ға жуық болса, онда ҚК құрамы да жастардың 30%-ынан тұруы тиіс:

«...Ересек ұрпақ сөзсіз болуы керек, өйткені олар көреген, олар ақылдырақ, әрі жастарға не ұсына алатындығын біледі, бірақ креативті жастар басқаша ойлайды, қазіргі өмірді өзгеше көре алады және уақыт бір орында тұрмайды, технологиялар алға жылжуда. Кейде балалар, жасөспірімдер одан әрі қалай қозғалу керектігін жақсы біледі және өте қызықты жобаларды ұсына алады» (Ақмола облысы, әйел.).

«...Менің ойымша, жастар да қажет, олар белсенді қатысып, заманауи жағдайға бағдарланады. Бізде де жастардан үйренетін нәрсе бар» (Қостанай облысы, әйел.).

«...Қоғамдық кеңесте өмір көрген, өмірден тәжірибесі бар, қызмет істеген, елді көрген, жерді көрген, ақыл парасаты бар, ой тоқтатқан аға буын өкілдерінің көбірек болғанын қалар едім» (Ақмола облысы, ер.).

9-сурет.

27,5%-ы ҚК әлі де негізінен тәжірибесі мен даналығының арқасында объективті түрде талдай алатын және теңгерімді шешім қабылдай алатын жоғары жас топтарының өкілдерінен тұруы керек деген пікірге сүйене отырып ҚК құрамында жастар өкілдерінің 10-нан 20%-на дейін болуын жақтайды:

«...Ал, енді осылардың құрамында жастардың саны пайыздық мөлшерде қанша болады деген сұраққа келетін болсақ, 10-15 пайыз болса жеткілікті деп есептеймін. Себебі, негізгі қоғамдық кеңестің мүшелері өмір көрген, мәселені салыстырмалы түрде шеше алатын адамдардан болғаны дұрыс қой» (Алматы обл, ер.).

5%-ының жастар қазақ ұлтының болашағы және мұра ретінде барлық бастамалар жас қазақстандықтарға өтіп, оны жалғастырады деген позициясы бар, сондықтан осы ақпарат тобы жастар ҚК-да кемінде 50% болуы керек деп санайды:

«...Менің ойымша, жастардың болашағы зор. Жастар біздің бастамаларымызды жалғастыруда, ал біз оларға көмектесеміз. Қоғамдық кеңестің жартысы кем дегенде жас адамдардан тұруы керек» (Шығыс Қазақстан облысы, ер).

17,5% жастардың ҚҰ құрамында болуына қарсы екенін атап өтті. Себебі, 18-29 жас

аралығындағы жастар әлі де жас, жұмыс тәжірибесі жоқ, сондықтан жауапты шешімдер қабылдай алмайды. Оның орнына, респонденттердің бұл тобы **30-40 жастағы кандидаттарды кемінде 40% пропорцияда қосу квотасын регламенттеуді ұсынады:**

«...Менің ойымша, 18-29 жас, бұл ерте, олар әлі жас. 30-40 жастағыларға назар аудару керек, оларды біздің қатарымызға тарту керек. Олар кем дегенде 40%-ын құрауы тиіс. 18-29 жаста шешім қабылдап, жауапкершілік ала алмайды» (Ақтөбе облысы, ер.).

17,5%-ы **кез-келген жас квоталарына қарсы** екендіктерін білдірді, мұндай квоталар кеңестік өткеннің мұрасы деп санайды («сол кезде барлық ұлттардың, кәсіптердің, жастардың өкілдігі болуы керек деген түсінік болды»). **ҚК мүшелігіне кандидаттардың жасы емес, олардың белсенділігі, құзыреттілігі, терең жауапкершілік сезімі, патриотизмі, өз өңірінің проблемалары туралы хабардар болуы аса маңызды болуы тиіс:**

«...Мен іс жүзінде қолдаушы емеспін, тіпті Орал қаласында арғы жылы жиналып, ҚК бойынша конференция жасаған кезде үзілді-кесілді қарсы болдым. Мен осы квота бөлуге қарсымын! Түсінесіз бе, біз квоталайтын нәрселерді: жастардың 30%-ын, қоғамдық ұйымдардың 80%-ын және т.б. бастапқыда заңға енгізу керек, иә, мұндай өкілдер болуы керек, бірақ бірінші кезекте өз өңірін білетін, патриоттыққа бейім адамдар болуы керек» (Қарағанды обл., әйел.).

«...Қазір әртүрлі органдарға, праймеризге, сол қоғамдық кеңеске қандай да бір квота бар және ол бойынша біз қуып жетіп, адамдардың санын көбейтуді қалаймыз. Жеке өзім бұл дұрыс емес деп санаймын, ол адамның қалауымен шығуы керек және оның ҚК жұмысына қатысуға деген ықыласы болуы керек, ал үштен бірі жастар болуы керек дегенге келіспеймін. Егер қазір жастар басқа мәселелермен айналысса, айналыса берсін» (Шығыс Қазақстан облысы, әйел.).

«...Қоғам мүшелерінің бас алқалылығы жауапкершілігін терең сезіну белсенділігі қажет. Бұл бірінші орында тұру керек» (Жамбыл облысы, ер.).

Орта есеппен айына қанша азамат ҚК-ға **жүгінеді** деген сұраққа 44,7%-ы нақты жауап беруге қиналды. Бұл мәселе қиындық тудырды, өйткені респонденттердің статистикасын ҚК комиссиясының хатшысы және ҚК төрағасы жүргізеді.

«...Мен бұл статистиканы білмеймін, өйткені бізге ондай ақпарат берілмейді» (Қостанай облысы, әйел.).

«...Өкінішке қарай, аталған статистиканы қоғамдық кеңес комиссиясының хатшысы мен қоғамдық кеңес төрағасы жүргізіп, мониторинг жүргізгендіктен мен бұл сұраққа жауап бере алмаймын. Біз комиссияларға бөлінеміз және олардың әрқайсысы белгілі бір мәселемен айналысады. Мен ҚК-дан басқа түрлі комиссияларға кіремін, онда мен қоғамдық қызметпен айналысамын. Мен нақты жауап бере алмаймын, өйткені маған күн сайын көптеген адамдар әртүрлі мәселелер бойынша жүгінеді, мен оларды қалай жүгінгенін ешқашан білмедім. Соңғы уақытта маған жазбаша өтініштерінде ҚК мүшесі ретінде көрсетуді сұрай бастады» (Ақтөбе облысы, ер.).

«...Айына орта есеппен қанша азамат ҚК-ға жүгінеді деген мәселеге қатысты. Шынымды айтсам, мен мұндай статистиканы жүргізбедім, азаматтар тікелей қоғамдық ұйымдарға немесе әлеуметтік желілер арқылы ҚК мүшесіне тікелей жүгінеді деп айта аламын. Өзіме қатысты айтарым, маған қоғамдық ұйымым немесе әлеуметтік желілердегі парақшам арқылы хабарласады» (Қарағанды облысы, ер.).

10-сурет.



Сұралғандардың 7,9%-ы ҚК-ға айына орта есеппен 60-тан 100-ге дейін азамат жүгінетінін атап өтті. Өңірлер бөлінісінде ең жоғары көрсеткіштер Шығыс Қазақстан облысында байқалады:

«...Жақында өтініштерді санадық, қоғамдық қабылдау бөлмесіне сегіз жүзден астам жазбаша өтініш келіп, қоңырау соғылған. Орташа алғанда, бұл қанша болады? Жыл басынан бері дәл осы өтініштер қоғамдық кеңестің өзіне емес, мен айтқан сараптамалық жұмыс топтарына түседі. Олар өтініштермен көбірек және жиі айналысады, орта есеппен 60 адамға дейін, 60 адамнан көбісі жұмыстағы сарапшылар тобына жүгінеді» (Шығыс Қазақстан облысы, әйел.).

Шығыс Қазақстан облысының ҚК-да азаматтар өтініштерінің салыстырмалы түрде көп келуі **БАҚ-та және әлеуметтік желілерде ҚК қызметінің белсенді ақпараттық науқанына** негізделген және осыдан осы азаматтық қоғам институты туралы халықтың хабардар болуының деңгейі неғұрлым жоғары:

«...Өйткені бізде әрбір сарапшы жұмыс тобы айына кемінде екі рет өз отырыстарын өткізеді. Бізде 20 отырыс бар. Бұл барлық әлеуметтік желілерде, барлық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Сондықтан адамдар біледі және бізге жүгінеді, өздері келеді, қоңырау шалады, Whatsapp, Instagram және басқа да әлеуметтік желілерге жазады, өйткені бізде барлық жерде топтар бар» (Шығыс Қазақстан облысы, ер.).

«...Ай сайын 10, 15, 20 азамат өз өтініш тілектермен келіп, хаттарын жазып жатады» (Ақмола облысы, ер.).

Сауалнамаға қатысқан ақпарат берушілердің 23,7%-ы оларға орташа есеппен айына 10-нан 30-ға дейін азамат жүгінетінін атап өтті. Бұл жағдайда ақпарат берушілер қоғамдық қабылдау бөлмесінің жұмысы туралы айтты. Ақтөбе облысында, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстарында айына 1-2 рет ҚК-нің әрбір мүшесі қоғамдық қабылдау бөлмесінде кезекшілік етеді және азаматтармен кездеседі. Сондай-ақ ақпарат берушілер ҚК-нің белгілі бір мүшесіне жүгіну жиілігі мен оның жұмысының нәтижесі арасындағы байланысты атап өтеді. Егер ҚК мүшесі азаматтардың проблемаларын шешуде белсенді болса, онда оған әдетте қоғамдық қабылдауға кезекке тұра бастайды, егер немқұралды болса, адамдар аз келеді:

«...Бізде ҚК-да кезекшілік бар, егер бара алмасаң төрағаны ескерту қажет, бізде бұл қатаң. Біз 3 сағаттан, айына 2 рет кезекшілікте боламыз, осы уақыт ішінде маған 5 адам жүгінді. Барлығы келіп, шағымдана бермейді, ауланы жақсарту, жабдықтау туралы ұсыныстармен келетіндер де бар. Қазір барлығы онлайн жұмыс істеп жатыр, азаматтарды қабылдау әлі басталған жоқ» (Батыс Қазақстан облысы, әйел.).

«...ҚК хатшысы азаматтарды қабылдау кестесін жасайды. Кеңес мүшелері кесте бойынша қабылдау жүргізеді. Мұның бәрі адамдарды қабылдайтын мүшелерге байланысты. Мәселені түбегейлі қарастыратын және оны шешуге тырысатын адамдарға жиі келеді. Олар хат жазады, басшылыққа, әкімдерге, басқарма басшыларына қоңырау шалып, мәселенің шешілуіне қол жеткізеді. Проблеманы жай ғана тыңдап, жазып, бағдарлама әкімшісіне хат жолдаған мүшеге адамдар аз келеді»(Павлодар облысы, ер.).

Коронадағдарысына байланысты ҚК-ға жүгіну жиілігі айтарлықтай төмендеді. Сауалнамаға қатысқан ақпарат берушілердің 13,2%-ы оларға орташа есеппен айына **2-ден 5 адамға дейін** жүгінетінін айтады. Қазір жеке қарым-қатынас әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асырылады. Әдетте әлеуметтік мәселелер: қоғамдық көлік қозғалысы, қоқыс шығару, коммуналдық мәселелер, электрмен жабдықтау, көшелерді асфальттау, экология, жер қатынастары, субсидиялау және т.б. мәселелер бойынша жүгінеді.

«...Көтерілетін мәселелер: жеке сектор тазаланбайды, автобус жүрмейді, аулада кір, аялдамалар жоқ. Менің ойымша, 20-30 өтініш» (Ақтөбе облысы, ер.).

«...Қазіргі уақытта адамдар тікелей жүгінбейді, менің ойымша, адамдар бұл жерге баруға және өз проблемалары туралы жазуға ерінеді. Бірақ Instagram-дағы әлеуметтік желілер туралы айтатын болсақ, тұрақты негізде қарайтын және шешетін өтініштер өте көп, сондай-ақ мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасаймыз. Әлеуметтік желілерде өтініштер өте көп, қағазбен келетіндер айына 2-3 қағаз, ал қазір нөлге дейін азайтылған» (Шығыс Қазақстан облысы, әйел.).

ҚК мүшелерінің 10,5%-ы **тұрғындар** олардың ҚК-ға **жүгінбейтінін** айтты. Азаматтар ҚК-ға жүгінбейді, өйткені олар **ҚК жұмысы туралы хабардар емес немесе ҚК-ға күмәнмен қарайды, өйткені олар оны халықтың мәселелерін шешетін орган деп санамайды.** Мұндай кейстер **Жамбыл облысында, Маңғыстау облысында, Атырау облысында және Шымкент қаласында** кездесті:

«...Адамдар әлі күнге дейін ҚК-ға хабарласуға дағдыланбаған, негізінен қала, облыс әкіміне, тіпті болмағанда Нұр Отан төрағасына жүгінеді» (Атырау обл., ер).

«...Өйткені, тиісті түрде жария етілмеген. Барлық дерлік БАҚ қоғамдық кеңестің қайда екенін, мүшелері кім екенін, немен айналысатынын біле бермейді» (Шымкент қ., ер).

«...Бұл жағынан ұяттымыз, қоғамдық кеңесте сая іздеп, ағылып келіп жатқан ешкім жоқ (Жамбыл облысы, ер.).

«...Қоғамдық кеңеске ешкім жүгінбейді. Бірқатар азаматтар қоғамдық кеңестің бар екенін білмейді» (Маңғыстау облысы, ер.).

«...Қоғамдық кеңес қоғамдық қабылдау өткізіп келеді. Бірақ әлі де болса тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнамағандықтан, хабарласушылар аз» (Маңғыстау облысы, ер.).

Көпшілігі - **87,5%-ы** ҚК жұмысын **пайдалы және қажет** деп санайды. ҚК қоғамның қажеттіліктерін тиісті инстанцияға таратады мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы байланыс ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар, ақпарат берушілер еліміздегі әртүрлі бағыттағы ҚК санын көбейту керек деп санайды. Сондай-ақ халықтың осы институтқа деген сенім деңгейін арттыру үшін ҚК мүшелерінің өкілеттіктерін кеңейту қажет (11-суретті қараңыз):

11-сурет.

«...Иә, әрине. Жалпы алғанда, мұндай кеңестер мүмкіндігінше әр түрлі болуы керек деп санаймын, өйткені мен өз қызметіме қайта орала отырып, ата-аналар жасына, мүмкін педагогикадан, білімнен алыс болуына байланысты балаларды қалай дұрыс тәрбиелеу керектігін әрқашан біле бермейтінін түсінемін. Менің ойымша, міндетті түрде осындай кеңестер құру керек. Олар болуы керек» (Ақмола облысы, әйел.).

«...Әрине. пайдалы! Ия, әрине. Менің ойымша, бұл қажет. Жалғыз нәрсе, менде дайын және жұмыс істей алатын адамдардың нақты санатын теңгерімді түрде жинау туралы ұсыныс бар. Білесіз бе, бір тілек аз, кейбіреулер жай қатысып, жұмыс істегісі келеді, бірақ өкінішке орай түк шықпайды. Өйткені, қоғамдық кеңес - бұл билік пен халық арасындағы диалог, ол кейде өзінің проблемалары мен мәселелерін жеткізе алмайды. Ал біз арқылы олар жылдар бойы атқарушы органдарға жеткізілмеген проблемаларын шешуге мүмкіндік алды» (Ақтөбе облысы, ер.).

«...ҚК қызметі қажет екендігімен келісемін. Міндетті түрде бөгде тараптың көзқарасы қажет. Білесіз бе, «немқұрайлы қарау» деген ұғым бар, оның бір көзқарасы бар, бірақ тәжірибесі бар адамдар, қандай да бір материал жиналған адамдар бұл нәрселерге мүлдем басқаша қарайды, мүмкін ортасында бір жерде дұрыс бағалау болады. Егер сын болмаса, онда менің ойымша, қателіктер көп болады. Кеңес қызметі өзара байланысты» (Атырау облысы, ер.).

Батыс Қазақстан облысында ҚК **жер митингілері кезінде медиатор қызметін де атқарды:** мемлекеттік органдардың әрекеттеріне наразы тұрғындар ҚК мүшелерімен кездесуге келіп, оларға ұнамағандардың бәрін айтты, осылайша «ойларымен бөлісті».

«...Жер митингілері басталған кезде «Нұр Отанға» барғысы келмегендер, облыстық мәслихат депутаттарымен кездескілері келмегендер, оларға сенбегендер үшін облыс әкімдігі қажетті алаңды, түсініксіз функцияларға бірінші болып келетін ҚК тапты. Олар ҚК кездесуге келісті. Және бәрін ашық айтуға болатын еді. Бұл

ойларын ашық айту болды. Себебі әлеуметтік желілерде барлығы жаза алмайды, ал бұл тікелей әңгіме болды, сондықтан ҚК керек деп ойлаймын» (Батыс Қазақстан облысы, әйел.).

Қарағанды облысында ҚК тиімділігі мен пайдалылығын, бірінші кезекте, басшының беделімен және салмағымен байланыстырады:

«...Сірә, бұл қоғамдық кеңесті өте құрметті, салмақты Ерқала Барқалайұлы Аймағамбетов басқаруының арқасында. Сондықтан, біздің қоғамдық кеңесіміз қоғам үшін пайдалы жұмыс жүргізуде» (Қарағанды облысы, әйел.).

Сонымен бірге, сұхбат берушілердің **12,5%-ы ҚК жұмысын пайдасыз деп санайды.** Бұл жағдайдың себептері ретінде ақпарат берушілер ҚК мүшелерін сайлаудың формалдылығын, қоғамдағы мәртебесінің белгісіздігіне байланысты ҚК әлеуетін толық пайдаланбауын атады. ҚК туралы заң қабылданғанына қарамастан, **ҚК ұсыныстары ұсынымдық сипатта болады,** демек, **мемлекеттік құрылымдар тарапынан ҚК жұмысына байыпты емес көзқарас қалыптасқан.** Жамбыл облысы, Қарағанды облысы, Қостанай облысы, Маңғыстау облысы және Шымкент қаласындағы ҚК-нің кейбір мүшелері осындай пікірлерді айтты.

«...Дәл осы қалпында қоғамдық кеңестің бүгінгі күнге тигізіп отырған пайдасы жоқ екенін айтуға мәжбүрмін» (Жамбыл облысы, ер.).

«...Егер ол толықтай жұмыс істесе, бұл өте пайдалы болар еді. Тағы да қайталаймын, біз сайлаудың формальді түрде өтуінен зардап шегіп отырмыз, көбінесе әкімдіктер мен мәслихаттардың өздері белсенді адамдарды іздейді, содан кейін ол ҚК жұмысына кедергі келтіреді. Біз мұны халыққа емес, өзара айтуымыз керек, халықты сайлауға тарту үшін нақты міндеттемелер мен функцияларды енгізу керек, одан әрі 5 жылдан кейін ҚК-дан бірдеңе сұрауға болады» (Қарағанды облысы, әйел.).

«...Жалпы жұмыс оң және ол басқаша болмауы керек. Орган ретінде ҚК жұмысына риза емес. Мен ештеңені өзгерте алмаймын, сондықтан маған құрамнан шығу және мәселелерді басқа жолдармен шешу оңайырақ» (Қостанай облысы, әйел.).

«...Жалпы халыққа пайдасы жоқ шығар деп ойлаймын. Себебі, мәселені шешетін Заң болмағаннан кейін біз еш нәрсе істей алмаймыз. Қоғамдық кеңес атқарушы билікке пайдалы шығар «(Маңғыстау облысы, ер.).

«...Қалыпты жұмыс кезінде, дұрыс жоспарлау және мәселелерді қоғамдық кеңесте талқылауға шығару кезінде оның шешімі ұсынымдық сипатта болады. Әкім хаттаманы оқып, оған не ұсынар еді. Бірақ, өкінішке орай, мұндай нәрсе жоқ. Сондықтан бұл пайдалы жұмыс деп айта алмаймын. Дегенмен, бізді тыңдайды» (Шымкент қ.,ер.).

Жалпы алғанда, кейбір кейстерді қоспағанда, ақпарат берушілер көпшілік жағдайда ҚК жұмысын пайдалы деп бағалайды, өйткені ҚК қазақстандық қоғам мен мемлекетті дамытудың маңызды мәселелері бойынша шешімдерді талқылау мен әзірлеуге қоғам өкілдерінің қатысуына ықпал етеді.

ҚК-те қарастырылған қандай бастамалар соңғы жылы аса маңызды болып көрінді деген сұраққа: **Шымкент қаласында «Ұлы дала батырлары»** шеруі болып қайта құрылған **«Бессмертный полк» жобасы; Алматы қаласында – «Белсенді ұзақ өмір сүру», «Қауіпсіз аула» жобасы** іске асырылды. Сондай-ақ ҚК мүшелері дәріханаларды дәрілік заттармен қамтамасыз етуге, карантинді сақтау бойынша қоғамдық мониторинг жүргізуге белсенді қатысты, көп балалы аналармен өзара іс-қимыл жасады, волонтерлік қолдауды ұйымдастырды:

«...Биылғы жыл ковид пандемиясына, дағдарысты еңсеруге, дәрі-дәрмекке қатысты ерекше болғандықтан, біздің қоғамдық кеңес мүшелері де дәрі-дәрмектерді бақылау бойынша көптеген қоғамдық мониторингпен айналысты, көп балалы аналармен жұмыс істеді, волонтерлік қолдау ұйымдастырды» (Алматы қ., ер.).

Нұр-Сұлтан қаласында соңғы жылдар ішінде **санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау, қала маңын дамыту, қоғамдық көлікті дамыту, қоғамдық көлікте электрондық билет беру, өңірді газдандыру және т.б.** мәселелермен қарқынды айналысып келеміз:

«...Маған бүкіл ҚК үшін айту қиын, мен өзім үшін айтамын. ҚК, егер біз 2019 және 2020 жылдың басындағы кейстер туралы айтатын болсақ, онда бұл шет аймақтарды дамыту мәселелері. Біз бәріміз елорда тұрғындарымыз, бұл қарқынды дамып келе жатқан мегаполис. Инфрақұрылым және кейбір тауарларды біркелкі бөлу әрдайым бірдей бола бермейді. Бұл қай жерде тұратынына қарамастан инфрақұрылымға тең қолжетімділік. Қоғамдық көлікті дамыту, электрондық билет беру бойынша, оның нысаны артып келеді» (Нұр-Сұлтан қ., ер.).

Түркістан облысында: **тұрғындарды ауыз сумен, сапалы жарықпен және газбен қамтамасыз ету мәселелерін шешу:**

«...Қоғамдық кенестің өткен жылғы жұмысында тұрғындарды газбен, таза сумен,

сапалы жарықпен, тұрғын жайлармен қамтамассыз ету мәселесіне бағытталған бастамалар маңызды болды деп есептеймін» (Түркістан облысы, ер.).

Павлодар облысында: **АӘК, экология және медицинаны дамыту мәселелері.**

Маңғыстау облысында: **дәріханалар мен провизорлық орталықтардың қоғамдық мониторингі:**

«...Есімде ондай жағдай жоқ. Пандемия кезінде дәріханаларды қарадық, провизерлік орталықтарды да көрдік» (Маңғыстау облысы, ер.).

Қостанай облысында: **қоғамдық көлікке, коммуналдық қызметтерге тарифтердің көтерілуіне жол бермеу және мүгедектердің дәрілік препараттарға кеткен қаржылай шығындарын өтеу:**

«...Біздің комиссия 3-4 рет облыс бойынша жолаушылар көлігі тарифтері мен газ тарифтерін көтеру мәселесін назардан тыс қалдырған жоқ. 3 рет қаралды. Бірінші рет дайындалмаған адамдар келді, олар тарифті неге көтеріп жатқанын түсіндіре алмады. Жолаушылар көлігіне оралсақ, біз облыс орталығынан аудан орталығына жолаушылар тасымалын жіберген жоқпыз, бұл тиімсіз деп есептедік. Жолаушылар көлігі басқармасы тасымалдаушыға субсидия төледі, біз қосымша көлік сатып алу құнын есептедік – бұл мемлекеттік ақшаны ысырап ету»(Қостанай облысы, ер.).

Қарағанды облысында: **цифрландыру мәселелері, оқу мекемелерін қашықтықтан оқытуға дайындау, экологиялық проблемалар.**

Батыс Қазақстан облысында: **зираттардың эстетикалық жай-күйіне, иттерді серуендетуге және қаңғыбас жануарлар бойынша шаралар қабылдауға қатысты мәселе:**

«..Қандай да бір дәстүрлі емес сұрақтар, мысалы, зиратта жерлеу тәртібі. Жаяу серуендеу, иттерді, мысықтарды және басқа жануарларды серуендету, басқа, қаңғыбас жануарларды ату, әрине бұл бұрын болған, қазір азаматтық бастамаларға айналды. Олар байқалады, жануарларды атып өлтіре салуға болмайды, бүгінде басқа амалдарды жасаймыз» (Батыс Қазақстан облысы, ер.).

Шығыс Қазақстан облысында: **барлық өңірлерді ауылдық ФАП-тарға дейін медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету және дәрігерлерді оқыту мәселесі** шешілді. Сондай-ақ ҚК мүшелерінің бастамасы бойынша түрлі мекемелер пандустармен жабдықталды, инватакси бойынша бастама тыңдалды және т.б.

Шешу тетіктерінің мәселелері бойынша басым бөлігі - 28,7%-ы **ҚК ұсынымдарын орындауды атқарушы органдардан талап ету өкілеттіктерін ҚК беруді** ұсынады. «Қоғамдық бақылау туралы» Заңда ҚК-нің қоғамдағы беделін арттыру үшін ҚК-нің құқықтық мәртебесін арттыруды қарастыру қажет.

«...Мұнда келіп түскен мәселелерді шешу үшін қоғамдық кеңестің қандай да бір өкілеттіктері болуы керек. Біз тек ұсыныс сипатында ғана емеспіз. Егер ол шешілмейтін болса, біз қазірдің өзінде шаралар қабылдауымыз, сол немесе басқа департаменттің шешуін талап етуіміз керек. Ал бізде мәселелеріміз тоқтап қалатын кездер болады, ол кезде біз әкімдікке жүгініп, басшыларды, кінәлілерді және тағы басқаларды жазалауды батыл талап етуге тиіспіз. Қоғамдық кеңеске көбірек өкілеттік беру керек. Тек ұсыным сипатында ғана емес. Бірақ біз оларды бір рет ұсынамыз, екінші рет олардан сұрайтын боламыз. Яғни олардың жауапкершілік алуын талап ету қажет. Міне, механизм (Алматы обл., ер.).

Ести алу және әртүрлі мәселелер бойынша біржақты емес шешімдер қабылдау үшін **әр түрлі ұстанымдарды ұстану керек, барлық пікірлер мен көзқарастарды ескеру қажет.** Ол үшін ҚК мүшелерінің пікірінше, бір жағынан, **халықты толғандыратын мәселелерді зерттеу үшін,** екінші жағынан, **халықтың ҚК туралы хабардар болу деңгейін арттыру үшін** үнемі **әлеуметтік сауалнамалар жүргізу** қажет. Бұл позицияны ҚК мүшелерінің 7,1%-ы қолдады:

«...Мен, мысалы, қоғамдық кеңестерге сауалнама, әлеуметтік сауалнама жүргізуге немесе практикаға енгізуге кеңес берер едім, мұндай нысан әдетте халық арасында өткізілмейді, біз халықтың пікірлерін, олардың кеңестерге қалай қарайтынын, кейбір азаматтар мұндай кеңестерді тіпті білмейтінін біле алар едік. Біздің дауысымыз естіліп, қатардағы азаматтарға жетуі тиіс» (Ақмола облысы, ер.).

12-сурет

10,7%-ы **күш-жігерді** (жобалық кеңсені, сыбайлас жемқорлықты, депутаттарды және т.б.) **біріктіру үшін әртүрлі құрылымдарды коллаборациялау тетіктерін** енгізу және халықтың әлеуметтік маңызды проблемалары бойынша неғұрлым тиімді шешімдер қабылдау қажеттігін атап көрсетеді. Мұнда ақпарат берушілер ҚК мүшелерін әлеуметтік басқармалардың жұмысына қосуды талап етеді.

7,1%-ы мемлекеттік органдар ҚК ұсынатын ұсынымдардың алдағы тағдырына қатысты негізделген есепті ұсынуы қажет деп санайды.

ҚК мүшелерінің 7,1%-ы жұртшылықпен тұрақты түрде байланыста болу және халықтың ҚК жұмысы туралы хабардар болуын арттыру үшін ҚК арналған мемлекеттік ақпараттық тапсырысты ұсыну қажеттігілігін айтады.

ҚК мүшелерінің 7,1%-ы кеңес шешімдерінің тиімділігін арттыру тетігі ретінде мемлекеттік органдар басшыларының немесе олардың өкілдерінің ҚК отырыстарына міндетті түрде қатысуын ұсынады, өйткені ҚК мүшелері көбінесе мемлекеттік мекемелер басшыларымен кездесе алмау проблемасына тап болады.

Сондай-ақ шешім қабылдау процесінде азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ҚК мүшелері қоғамдық мониторинг тетігін (7,1%) пысықтау және қоғамдық тыңдауларды қоғамдық бақылаудың негізгі әдісі (7,1%) ретінде пайдалану қажет деп санайды.

Сұралғандардың 7,1%-ы ҚК мүшелерінің әлеуметтік желілердегі белсенділігіне назар аударуды ұсынады.

3,6%-ы ҚК қызметкерлерінің ақы төленетін штаты болу қажеттігіне назар аударады. Сондай-ақ, сұралғандардың осы тобы азаматтардан келіп түсетін барлық сұраулар жылдам пысықталуы үшін ҚК мүшелерінің санын көбейтуді сұрайды:

«...Мен ҚК қызметкерлерінің белгілі бір ақы төленетін штаты болғанын қалаймын. ҚК қалған мүшелері қоғамдық негізде болады, бірақ штатта 7-10 адам

болуы тиіс» (Атырау облысы,ер).

Ақпарат берушілердің 3,6%-ы тиімді ұсынымдарды әзірлеу үшін міндеттер мен жобаларды іске асырудың объективті мерзімдерін ұсыну қажеттігін көрсетті:

«...Қаулы шығарылар алдында, біз оны қарауымыз керек. Бізге 2 күнде қаулыны беріңдер деген соң біз оны жылдам жасаймыз. Содан кейін біз асыққан болып шығамыз « (Ақтөбе облысы, ер.).

Сұралған ақпарат берушілердің 3,6%-ы **Мемлекеттік басқару академиясында білім алушылардың бағдарламасына ҚК-нің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы бойынша** пәнді қосуды ұсынады.

Ақпарат берушілердің 3,6%-ы ҚР АҚДМ-да **ҚК жұмысына жетекшілік етумен, ҚК шешімдерінің орындалуына мониторинг жүргізумен** айналысатын департамент немесе бөлім құруды ұсынады:

«...Жалпы, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде осындай қоғамдық кеңестер шешімдерінің орындалуына мониторинг жүргізетін департамент немесе бөлім болғанын қалар едім. Бізде олар көп емес. Министрлік үшін бұл шешілетін міндет (Қарағанды облысы, әйел.).

ҚК жұмысындағы қиындықтар туралы мәселе бойынша ҚК мүшелері қаржыландырудың жоқтығымен, оның ішінде **жол шығыстарын, тұрғын үйді, іссапар шығыстарын өтеуге қаражаттың болмауымен** байланысты жағдайды атап өтті. Сарапшылар атап өткендей, белгілі бір нәтижелерді талап ету үшін ҚК мүшелері белгілі бір мөлшерлемені, еңбек ақысын төлеуі керек, өйткені қоғамдық белсенділердің ақысыз негізде жұмыс істеуге деген ынтасы шексіз бола алмайды. Бұл ретте ҚК-ны қаржыландыру ҚК тәуелсіздігі принципі бұзылмауы үшін ЖАО-ға байланысты болмауы керек. Сауалнамаға қатысқан ақпарат берушілердің 45%-ы бұл проблеманы негізгі мәселе ретінде атап өтті:

«...ҚК жұмысын қаржыландыру керек. Неліктен? Себебі тікелей шығындар бар, онсыз сіз ештеңе жасай алмайсыз. Қарапайым телефон, қағаз, байланыс, көлік үшін ақша қажет. Сондай-ақ қоғамдық кеңес сапа мониторингі, қоғамдық тыңдаулар өткізу, қоғамдық бақылау кезінде қандай да бір зертхана, оны жасау үшін қандай да бір құралдар қажет екенін айтады, бір жерге бару керек және бұл тікелей шығындар міндетті түрде төленуі тиіс» (Шығыс Қазақстан облысы, ер.).

«...Аудандарға шыққан кезде көлік пен тұрғын үйден қиындық туады. Бізде салынған сома ештеңеге жетпейді. Негізінде, қоғамдық кеңес үшін көп ақша қажет емес. Бізге бір қонақ үй мен іссапар шығындары жеткілікті, өйткені Ақтөбе облысында 13 аудан бар және бұл аудандарға жол жүру үшін жеке қаражатымызды бөлу мүмкіндігі әрдайым бола бермейді (Ақтөбе облысы, ер.).

«Ең төменгі жалақы белгіленсе немесе іссапар шығындары төленсе. Қазір бізде ҚХА жанындағы Достық үйінде кеңсе бар, бұрын ол болмаған. Шағын қаржыландыру болуы керек (Ақтөбе облысы, ер.)».

«Әрине, проблемалар бар, біріншіден, қоғамдық кеңестердің қызметі қаржыландырылмайды. Көптеген адамдар мұны айтады, дегенмен бастамашылық ұзақ өмір сүре алмайды және бұл жұмыс ешқандай жолмен төленбесе, халыққа қызмет етуге деген тілек жылдан жылға жалғаспайды. Қоғамдық кеңестің жұмысына біз әр түрлі сарапшыларды тартамыз және лайықты жұмыс жасағымыз келеді» (Шығыс Қазақстан облысы, әйел.).

«...Бізде қоғамдық кеңесті қаржыландыруда қиындықтар бар. Бұл мәселе баяғыда көтерілген. Егер біз нақты жұмыс жасағымыз келсе, онда адам белгілі бір мөлшерде жұмыс істеуі керек. Бұл ақы төленбейтін жұмыс болмауы тиіс. Қоғамдық кеңесті қаржыландыру қажет, бірақ бір жағынан әкімдікке байланысты болмауы керек, өйткені ол қоғамдық кеңеске ықпал етіп, әсер ете бастайды. Өкінішке орай, біз бұл проблеманың шешімін таппадық. ҚК отырыстары әкімдік ғимаратында өтеді, бірақ бұл дұрыс емес деп ойлаймын « (Шығыс Қазақстан облысы, әйел.)..

«...ҚК мүшелері жалақы алуы керек деп санаймын. Егер бұл негізгі жұмыс болса, онда неге болмасқа. Біз бірнеше рет талқыладық, төраға мен хатшыда көшпелі кездесулерге арналған кабинет, көлік жоқ. Біз қоғамдық кеңестің мүшелері ретінде аудандарға шыққымыз келеді. Менің ойымша, қоғамдық кеңес мүшелері жалақыдан босатылуы керек, ал төрағалар мен хатшыларға жалақы төленуі керек. Қазіргі уақытта ҚК-нің тіпті кеңсесі жоқ. Біз облыс әкімдігінде, мәжіліс залында кездесіп, отырыстар өткіземіз» (Қостанай облысы, ер.).

13-сурет.



Шешім ретінде барлық құжаттаманы жүргізетін және ҚК барлық мүшелерімен, ҚК құрамындағы комиссия төрағаларымен және әлеуметтік желілерде азаматтармен жұмыс жүргізетін маманмен байланысқа жауап беретін ҚК хатшысының жұмысына ақы төлеу ұсынылады.

«...Менің ойымша, хатшы лауазымын жергілікті атқарушы билік арқылы емес, мәслихат арқылы, жергілікті өкілді орган арқылы қаржыландыру қажет. Бюджеттен бір жыл ішінде хатшыға белгілі бір төлем көзделген болар еді. Мысалы, бюджет 3 жылға бірден бекітілген кезде жалақы мөлшерін қарастырған дұрыс. Сонымен қатар, СММ маркетингіне қатысты, бұл әлеуметтік желілердегі, сайттағы жұмыс, яғни 2 лауазым болуы керек: үнемі хаттама жүргізетін, қоғамдық кеңес мүшелерімен байланыс жасайтын хатшы. Және 2 лауазым – бұл әлеуметтік желілер саласындағы тікелей жұмыс. Онлайн режимінде өтініш берушілермен және азаматтармен және т.б. байланыс жасау» (Қарағанды облысы, ер.).

«...Менің ойымша, штаттың 1-2 бірлігіне жалақы төленетінін заңнамада жазу керек (Павлодар облысы, ер.).

ЖАО-дан тәуелсіздікті сақтау үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және гранттық қаржыландыру арқылы ҚК жұмысын қаржыландыруды жүзеге асыру ұсынылады.

«...ҚК қаржыландырылуы тиіс, бірақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс немесе гранттық қаржыландыру арқылы» (Батыс Қазақстан облысы, әйел.).

«...Әрине, қаржылық бөлігі. Көлік, кеңсе шығындары бар, бірақ біз бәрін өз есебімізден жасаймыз. Егер біз әкімдіктен қаржыландырылатын болсақ, біз оларға тәуелді боламыз. Тәуелділікті болдырмау және қаржыландыруды сақтау үшін мем.әлеуметтік тапсырыс немесе гранттық қаржыландыру қажет болуы мүмкін» (Солтүстік Қазақстан облысы, әйел.).

10%-ы жұмысқа қажетті техникалық құралдар мен жабдықтардың жетіспеушілігі проблемасын белгіледі:

«...Қажетті штат кестесі бойынша жұмыскерлер техникалық құралдармен жабдықтарды барлығы жетіспейді. Барлық шаруа тек ақысыз негізде шешіледі (Алматы обл., ер.).

Тағы 10%-ы Қазақстанда ҚК **құқықтық мәртебесінің жоқтығын** атап өтті.

Сауалнамаға қатысқан ҚК мүшелерінің 7,5%-ы ҚК және ҚК мүшелері орындайтын жұмысты мемлекеттік органдар елеусіз қабылдайтынын және билік құрылымдары ҚК мүшелерін толыққанды әріптес ретінде қабылдамайтынын көрсетті. Осылайша, **мемлекеттік қызметшілер тарапынан ҚК-ға қатысты «жабықтық» саясаты** жүргізіледі:

«...Негізгі қиындық - мемлекеттік органдар тарапынан жасалған реакция және мемлекеттік органдардың ашықтық саясаты болып табылады. Әзірге мемлекеттік органдар бізді толыққанды, кәсіби, сарапшы әріптес ретінде көрмейді, өйткені олар шешімді толық келісіммен немесе мүлдем келіспеумен қабылдайды. Бірақ олар бізді

сапалы және сарапшы сияқты сөйлей алатын адам ретінде қабылдауы керек» (Нұрсұлтан қ., ер.).

«...Мемлекеттік органдардың қоғамдық кеңес жұмысындағы қиындықтары, байыпты көзқарасы... Мысалы, біз бүгін әр бейсенбі сайын Алматы қаласының әкімдігімен кездесу өткіземіз. Мен мұндай немқұрайдылықты көрмедім. Тіпті әкімдік өкілдері онлайн кездесулерге де келмейді» (Алматы қаласы, ер.).

Сонымен қатар, ҚК жұмыс істеуінің қиындығы ретінде қызметкерлердің белгілі бір штатының (заңгер, ұйымдастыру бөлімінің маманы, сарапшы) болмауын (5%) және **халықтың ҚК туралы хабардар болуының төмен деңгейін** (5%) атайды.

«...Менің ойымша, қоғамдық кеңес туралы аз адамдар біледі. Менің ойымша, көп айту, көрсету, жазу керек. Мүмкін БАҚ та көмектесуі қажет шығар. Адамдар ҚК қызметі туралы білуі үшін ҚК мүшелері өздерінің әлеуметтік желілерінде орналастырылады, мен өзім де таратамын, бірақ бұл жеткіліксіз. Халқымыз біздің жұмысымыздан аз хабардар» (Қостанай облысы, ер.).

«Көптеген адамдар қоғамдық кеңес деген не екенін білмейді және біз жұмыстың мәнін, біз не үшін жауап беретінімізді және бізден қандай пайда бар екенін түсіндіруіміз керек. Біз кейде проблеманы жеткізе алмаймыз және бірден жауап ала алмаймыз, яғни қалаға немесе облысқа келгенде көп уақыт жұмсаймыз, комиссиямен келісеміз және кездесеміз, басқарма бастығымен немесе орынбасармен жұмыс жасаймыз» (Ақтөбе облысы, ер.).

«...Қоғамдық кеңестің кеңсе жұмыстарын жетілдіру мақсатында аппараты болу керек. Қоғамдық кеңестердің жұмысын айқындау, көрсету үшін ақпараттық насихат жұмыстарын жетілдіру қажет» (Маңғыстау облысы, әйел.).

5%-ы **ҚК мүшелері үшін ынталандыру және жеңілдіктер жүйесін әзірлеу** қажеттілігін атап өтті. Мұндай ынталандыру ретінде **негізгі жұмыста салық мөлшерлемесін төмендету, куәліктер, белгішелер беру** және т.б. болуы мүмкін:

«...Қоғамдық кеңес ресми тұрған болу керек (заңды тұлға). Қоғамдық кеңестің мүшелері ақысын алатын болса, сонда белсенділікпен жұмыс жасайды. Мекеме болып құрған жағдайда адамдар жұмыс жасайды. Сыйлықақы, марапаттаулар, грамоталар беру керек» (Атырау облысы, әйел.).

«...Олар қоғамдық кеңеске іріктеледі, өтеді. Менің байқағаным, бірінші жарты жылда олар бір нәсерлерді жасайды. Содан кейін мұның бәрі тоқтап қалып, өз бетінше жүре бастайды. Содан адамның құлқы болмай қалады. Міне, осындай қиындықтар. Мен онымен қалай күресуді немесе оларды қалай ынталандыруды, жұмысқа қалай итермелеуді білмеймін. Бұл жерде адами фактор үлкен рөл атқарады. Шамамен бізде осылай» (Қарағанды облысы, әйел.).

«...Значок, жеке куәліктері Қоғамдық кеңестің рөлін солай көтеруге болса (Түркістан облысы, ер.).

«...Қоғамдық жұмыстармен белсенді айналысатын адамдар қоғамдық кеңестің президиумына сәйкес жұмыс істейтін адамдарға салық салу бойынша жеңілдіктерге ие болуы керек. Мысалы, мен жұмыс жасасам, онда негізгі жұмыс бойынша табыс салығы 20-30 пайызға азаяды деген қызығушылық бар. Мен жеке практикамен айналысамын, сондықтан да қызықты болар еді» (Алматы қ., ер.).

Сұралғандардың маңызды бөлігі ҚК жұмысын тұрақты қаржыландыруды (кем дегенде іссапар шығыстарын және халықпен көшпелі кездесулер кезінде көлік пен тұру ақысын төлеу үшін) жақтағанына қарамастан, сұралғандар тобында **қарама-қарсы ұстанымды ұстанатындар** кездесті. Атап айтқанда, **мемлекеттің** ҚК **қаржыландыруы жұмыс істейтін қоғамдық кеңестердің ең негізгі жұмысына қайшы келеді.** Кеңес құрамына адамдар жалақы алу үшін емес, халықты толғандыратын проблемаларды шешуге шын жүректен қалауымен келеді:

«...Бізде офиспен проблемалар жоқ, бізге әкімдік үй-жай ұсынады, онда біз жинала аламыз, ол үшін төлем қажет етілмейді. ҚК қызметін қаржыландыру мүмкін деп санаймын, өйткені кеңсе тауарларына шығындар бар, бірақ жалақы түрінде, менің ойымша, бұл зиян тигізеді, адамдар жалақы алу үшін барады, бұл көзқарасты өзгертеді. ҚК таза жүректен жұмыс жасауды білдіреді» (Атырау облысы, ер.).

«...Қаржыландырудағы қиындықтар, бірақ қоғамдық кеңесті мемлекет қаржыландырса, ол өз тәуелсіздігін жоғалтады. Әріптестерім қанша айтқанымен, қағаз, қалам және басқа заттарға кететін шығын үлкен емес, әрі олардың құрамында кәсіпкерлер мен мәртебеге мұқтаж басқа адамдар бар емес пе. Мүмкін, егер әртүрлі бағыттар бойынша бірнеше қоғамдық ұйымдардың алқалы органы болса, онда біз мүшелік жарналар арқылы осы қоғамдық кеңесті қамтып, қазіргі кездегіден де көбірек проблемаларды шешетін едік. Бюджеттен гөрі ақшасыз жақсы (Қостанай облысы, әйел.).

Аталған қиындықтардан басқа, **кері байланыстың нақты тетігінің болмауы** сияқты проблемалардың болуы аталып өтілді:

1) ҚК және мүдделі азаматтар, сараптамалық қоғамдастық, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері арасында;

2) ҚК мүшелері арасында, оның ішінде жұмыс топтары шеңберінде;

3) бюджетте басқа қаладан келген мүшелердің ҚК отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар бабының болмауы, бұл олардың кейбіреулерінің кеңестің барлық отырыстарына қатысуына мүмкіндік бермейді;

4) іс жүргізудің, отырыстарға дайындықтың болмауы, ұсынымдардың орындалуын бақылау.

Ағымдағы жағдай көрсетіп отырғандай, **мемлекеттік бағдарламаларды, бюджеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асыру, ҚР заңнамасының нормаларын қолдану бойынша мониторинг жүргізудің маңызы артты.** Жұмыстың бұл түрі сараптамалық тәсілді талап етеді, ал ол үшін қаражат қарастырылмаған.

ҚК-нің қолданыстағы форматы қаншалықты сәйкес келеді деген сұраққа пікір бірдей бөлінді: **51,7%-ы ҚК-нің қазіргі жұмыс форматына көңілім толады** деп жауап берді, **өйткені жаңа әдістерді енгізу функциялардың кеңеюін, қоғамдық жұмыстың мәні басқа бағытқа ие болатын қосымша ресурстардың қажеттілігін білдіреді,** бұл қолайсыз. Сондықтан, сұралғандардың бұл тобы бәрін қалдыруды және сапалы жұмыс істеуді ұсынады.

«...Форматы көңілден шығады. Біз комиссиялар бойынша оңтайлы құрылым әзірледік, қоғамдық кеңестің санын айқындадық. Қоғамдық кеңестің отырыстарында қалалық және аудандық мәслихаттардың хатшыларын да, сондай-ақ жұртшылық өкілдерін де шақырамыз» (Павлодар облысы, ер).

«...Мен қарсы шығармын, бірақ консультативтік-кеңесші орган арқылы жұмыстың басқа форматы мүмкін емес, жұмысты жақсырақ жүргізу керек. Егер біз жоғарыдан басқа форматтарды қосатын болсақ, онда бұл кейбір кеңейтуді, ресурстарды, үшінші тарап қатысушыларын тартуды қажет етеді. Бізге сапалы орындау және практикаға бағдарлану қажет, яғни заң бойынша бәрі түсінікті, бірақ іс жүзінде жұмыс істеу керек (Нұр-Сұлтан қ., ер.).

14-сурет.



Сұралған ҚК мүшелерінің **48,3%-ы** қолданыстағы жұмыс форматына қанағаттанбайды. Атап айтқанда, ақпарат берушілер тезірек жүзеге асырылуы мүмкін **кейбір рәсімдердің бюрократиясына көңілі толмайды.** Олардың қатарында осындай тиімділікпен онлайн форматта өткізуге болатын дәстүрлі отырыстар бар. Сондай-ақ ҚК-пен бірге жұмыс істеуі тиіс мәслихаттармен тиісті өзара іс-қимылдың болмауы, себебі екі институт ортақ істі орындайды.

«...Біз өткізіп алатын, ескірген және мүлдем жұмыс істемейтін кездер бар. Мұның бәрін жою керек. Жалпы комиссиялар бар және олар өте нашар жұмыс істейді, олар жұмыс істей алмайды деген сөз емес, кейбір ұзаққа созылған рәсімдер бар, сондықтан біз бір-бірімізді баяулатамыз. Қысқаша айтқанда, әрине, жиналысқа әрдайым жиналудың қажеті жоқ, онлайн режимі жиналуға, жұмыс қорын жүйелі түрде дұрыс бекітуге тамаша мүмкіндік бар. Осы жылы біз үлкен жұмыс жасаған жоқпыз, ауқымды мәселелерге қатыспадық және бұл бізді қатты ренжітеді. Әрине, қоғамдық кеңес пен мәслихат бір-бірімен тығыз байланысты болуы керек, біз депутаттармен толық көлемде жұмыс істеуіміз керек. Өйткені, бұл жұмыстар бізге де қатысты, бірақ біздің облыстың қоғамдық кеңес депутаттық кеңес сияқты жиі жиналмайды» (Ақтөбе облысы, ер.).

Сұралғандардың тағы бір тобы ҚК-нің қаржылай және әкімшілік ресурстарының болмауына байланысты қазіргі форматқа наразы. Сондықтан олар мәслихат немесе әкімдік

бюджетіне ҚК мазмұны бойынша жолды қосуды (ҚК хатшысының, сарапшылардың еңбегіне ақы төлеу қорын (сараптамаға тарту үшін) және кеңсе керек-жарақтарын сатып алуды ескеру) ұсынады:

«... Бізге билік керек емес, бірақ ҚК өкілеттіктерін кеңейту қажет, бірақ ҚК беделін көтеру үшін ол жоғары болуы керек» (Ақтөбе облысы, ер.).

«...Қоғамдық кеңестің қолданыстағы форматында қалалық қоғамдық кеңесті және оның техникалық бөлігін, тек қоғамдық кеңестің хатшысы мен сарапшысын және кеңсе тауарларын ғана күтіп ұстау бойынша бюджеттің жолы мәслихатта болуы керек деп болжаймын» (Алматы обл., ер.).

Ақпарат берушілердің тағы бір тобы **әлеуметтік желілерде жұмыс жүргізу үшін қаражат қажет екенін айтады, оған көптеген азаматтар жүгінеді.**

Сондай-ақ ҚК мүшелері қолданыстағы форматқа қанағаттанбайды, өйткені мәслихаттар функцияларының қайталануы байқалады және штат кестесіне қажеттілік сезіледі.

«...Жоғарыда айтқанымдай, біз мәслихат функцияларын, мәслихаттағы комиссияларды, жұмыс әдістері мен шешімдерін қайталаймыз, барамыз, тыңдаймыз. Ал менің түсінігімде ҚК халықтың пікірін жинап, оларды ЖАО-ға жеткізеді, яғни, жағдайдың ахуалын байқап, қоғамдағы наразылық туралы айтады және ол халық пен билік арасында көпір болып табылады (Павлодар облысы, ер.).

ҚК жұмысындағы өзгерістер туралы сұраққа жауап берген ақпарат берушілердің **14,3%-ы** ҚК қызметін, іссапар шығыстарын, жұмыс барысында сарапшыларды тартуды қаржыландырумен қамтамасыз етуді жақтайды. Іссапар шығыстарын қаржыландыру ҚК қызметінің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді: егер қазір ҚК мүшелері қала шеңберінде азаматтардың проблемаларымен айналысатын болса, онда қаржы ресурстарын бөлу ҚК мүшелерінің алыс елді мекендерге шығуын және онда тұратын халықтың проблемаларын шешуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ қаржыландыру ҚК жұмысын стратегиялық жоспарлау және қажетті есептеулер мен сараптамалар жүргізу үшін сарапшылар мен талдаушыларды тарту үшін қажет:

«...Бұрын айтқанымдай, іссапар шығыстарын қаржыландырып, содан кейін біз ауқымды кеңейте аламыз. Қазір біз инвестицияны қажет етпейтін мәселелерді шешуге тырысамыз. Мұның бәрі қала көлемінде. Біз облыс орталығының тұрғындарына көп көңіл бөлеміз, өйткені оны бақылау оңғайлы. Дегенмен, біз облыс тұрғындарына, облыс орталығынан алыс жерде жұмыс істейтін мұғалімдерге аз көңіл бөлеміз» (Қостанай облысы, әйел.).

«...ҚК жұмысын қаржыландыруды қарастырып, ҚК материалдық - техникалық жарақтандыруды қамтамасыз ету қажет, түрлі салалар бойынша сарапшыларды тарту және хатшы бірлігін енгізу үшін қаражат керек» (Павлодар облысы, ер.).

4-кесте. Сіздің ойыңызша, Қоғамдық кеңестің жұмысына қандай өзгерістер қажет?,

	%
Қоғамдық кеңес тәуелсіз орган болуы тиіс	4,8
Қоғамдық кеңесте белгілі бір штат (заңгер, маман, сарапшы) болуы тиіс	2,4
Кеңес құрамын үнемі ауыстыру	11,9
ҚК қызметін регламенттеу (кеңестің әрбір мүшесіне функционалды бекіту, ұйымдастыру сәттерін пысықтау)	9,5
Мемлекеттік органдармен (мәслихатпен, әкімдікпен және т. б.) өзара іс-қимыл жасау әдістері мен нысандарын пысықтау	7,1
Онлайн жұмыс форматына өту	2,4
Басқа ҚК тәжірибемен алмасу	2,4
Өзінің қарыландыруымен, мөрімен және т.б. заңды мәртебеге ие болу	7,1
ҚК сапалық және сандық құрамы (Кеңес мүшелерінің санын арттыру, жастардың қатысуына арналған квота, гендерлік теңдік және т. б.)	14,3
Кадр резервін құру	2,4
Барлық мемлекеттік органдардан мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептер, ақпарат алу	2,4
Қаржыландыру	14,3
Мемлекеттік органдар тарапынан ҚК ұсынымдарын орындау бойынша есептілік практикасын енгізу	9,4
ҚР АҚДМ алдында комиссия төрағаларының есеп беру практикасын енгізу	2,4
Қоғамдық бақылау туралы заңды қабылдау	2,4
БАҚ-та ҚК-ның жұмысын жария ету	2,4
ҚК-ның отырыстарына азаматтық сектор өкілдерін шақыру	2,4

14,3%-ы ҚК-нің сапалық және сандық құрамын өзгерту қажеттілігін көрсетеді. Мәселен, ҚК мүшелерінің санын 35 адамға дейін ұлғайту және жастарды, гендерлік теңдікті, экономиканың түрлі секторлары мен азаматтық қоғам өкілдерін ескере отырып, ҚК қалыптастыру ұсынылады:

«...Содан кейін құрам саны 35 адамға дейін жетеді. Сапалық құрамы. Гендерлік теңдікті ескере отырып. Халықтың барлық топтарының өкілдерін ескере отырып, 20% - ы жастар. Әйелдер, қоғамдық белсенділер көп болса да, ҮЕҰ, КЕҰ маңызды емес. Бұл жерде ішкі құқық қорғау органдарының, қаржы органдарының ардагерлері болуға тиіс, өйткені біз бюджетті есептеуіміз керек « (Шымкент қ., ерк.).

«...Өзгерістер депутаттар мен атқарушы билік емес, қоғамдық кеңестегі қоғамшылдардың сандық құрамында болуы керек. Өйткені тікелей шешуге болады. Қоғамшылдар көп болуы керек» (Шығыс Қазақстан облысы, ер).

9,5%-ы ҚК жұмысының ұйымдастырушылық жоспарындағы проблемаларды атап өтеді. Сондықтан ҚК жұмыс топтарының өз жұмысының регламенттерін және басшыларды (үйлестірушілерді) айқындауы; ҚК жұмыс топтарының отырыстарын ай сайынғы негізде өткізуі; ҚК басқа қаладан келген мүшелерінің кеңес отырыстарына олардың көлік шығыстарын жабу арқылы қатысуын қамтамасыз ету талап етіледі:

«...Екінші мәселе – қаржыландыру мәселесі, сондай-ақ қоғамдық бақылау және қоғамдық мониторинг тетігі өте нақты әзірленіп, шешілуі тиіс және қоғамдық тыңдаулар қағидаты регламенттеліп, нақты әзірленуі тиіс. Ол жиналыстар қалай және қай жерде болмасын өткізілмеуі үшін регламенттелген. Отырыстар өткізіп, есеп беріп, қоғамдық тыңдаулардың шешімін қабылдау керек, міне, осы регламенттер айқындалуы керек (Шығыс Қазақстан облысы, ер.).

11,9%-ы бұрын қабылданған шешімдердің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін ҚК құрамын үнемі өзгерту қажет деп санайды, бірақ 50%-дан аспауы тиіс. ҚК қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының өкілеттіктері кеңес мүшелері бекітілгеннен кейін аяқталады. Кеңестің құрамына жаңа кандидатура енгізу үшін қайтадан жұмыс тобын құру (конкурс өткізу туралы баспасөзде жариялау және басқа да рәсімдер) талап етіледі. Сондықтан жұмыс топтарының өкілеттіктерін ҚК өкілеттік мерзіміне (үш жыл) айқындап, қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттар резервін құрған дұрыс болар еді (2,4%).

«...Екіншіден, Қоғамдық кеңестің мерзімі 3 жылға сайлану керек және қажетті жағдайда жыл сайын қажетті мамандармен алмастыру қажет» (Маңғыстау облысы, ер.).

«...Мен өзгерістер, сайлау туралы айттым, содан кейін күнделікті кездесетін жағдайларға байланысты тұрақты құрамды өзгерту керек» (Ақмола облысы, ер.).

7,1%-ҚК-нің төмен тұрған және жоғары тұрған мемлекеттік органдармен жұмысының әдістері мен нысандарын айқындауды, ҚК-нің мәслихатпен, әкімдікпен қандай өзара қарым-қатынастар болуы тиіс екенін айқындауды ұсынады. Сондай-ақ ақпарат берушілер мәслихат отырыстарына және мемлекеттік органдар басшыларының есеп беру кездесулеріне қатысуға ниет білдірді:

«...ҚК функцияларын заңнамалық түрде нақты айқындау, төменгі және жоғары тұрған мемлекеттік органдармен жұмыс істеу әдістерін, ҚК-ның олармен қандай өзара қарым-қатынастар болуы тиіс екенін айқындау» (Павлодар облысы, ер.).

Сауалнамаға қатысқан сарапшылардың **7,1%**-ы ҚК-нің заңды мәртебесі бар, бұл оларға жеке қаржыландыруды және мемлекеттік органдардың толыққанды серіктес ретінде қабылдауын қамтамасыз етті деп есептейді:

«...Бірінші, бізге құқықтық мәртебесін беру қажет (Маңғыстау облысы, ер.).

«...Бұл біз үнемі айтып отыратын ҚК мәртебесі жоғарылаған жағдайда ғана мүмкін болады, біздің ұсынымдар - бұл өңір, Министрлік басшылығына кеңесші ұсынымдар ретінде ғана емес, біздің тапсырмаларымыздың орындалуы үшін мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік органдардың жұмысына міндетті шарт және орындамағаны үшін қандай да бір жауапкершілік, ең аз тәртіптік, немесе әкімшілік не тіпті қылмыстық жауапкершілік болуы тиіс.

9,4%-ҚК ұсынымдарын қолдану немесе қолданбау бойынша мемлекеттік органдардың есептілік практикасын енгізуді ұсынады. Сондай-ақ сарапшылар «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңға азаматтар жүгінген кезде ақпарат беру бойынша мемлекеттік органдардың жауапкершілігін кеңейту туралы өзгерісті енгізуді, атап айтқанда, жүгінген азаматтар тарапынан қанағаттану және көрсетілген қызметтің сапасы мәселесін қосуды ұсынады:

«....«ҚК туралы» Заңға азаматтардың өтініштері туралы ақпарат беру үшін жауапкершілік аймағын кеңейту, онда мемлекеттік қызметшілер сұраққа жауап бермегені үшін ғана емес, сапасыз жауап бергені үшін де жаза алуға болатынын түсінген кезде, бұл өз міндеттеріне басқаша қарауға мәжбүр етеді. Қазір, егер сіз электрондық үкімет порталына сұрау салсаңыз және жауап алсаңыз, бұл орындалған қызмет ретінде есептеледі. Көрсетілген қызметтің қанағаттануы мен

сапасы - бұл басқа мәселе. Бұл мемлекеттік органдардың сауалдарға жауаптырақ болуын мәжбүрлейді» (Нұр-Сұлтан қ., ер.).

«...Мемлекеттік органдардың ҚК алдындағы жауапкершілігі. Біздің шешімдеріміз ұсынымдық сипатқа ие болғандықтан олар бейжай қарайды» (Солтүстік Қазақстан облысы, ер.).

«...Біз қоғамдық бақылауды күшейтіп, мемлекеттік органдардан үлкен реакцияны талап етуіміз керек. Себебі біздің ұсыныстарымыздың көп бөлігі қағаз жүзінде қалады. Оларды сауатты қараған кезде бірқатар проблемалық мәселелерді шешуге болар еді» (Нұр-Сұлтан қ., ер.).

Жоғарыда айтылғандардан басқа, хатшы, заңгер, ұйымдастыру бөлімінің маманы кіретін ҚК қызметкерлерінің минималды штатын құру ұсынылды (2,4%):

«...Өзінің жұмыс орны бар, өзінің тұрақты жұмыс істейтін адамдары бар, заңгері бар, халықтың өтініш, тілегін күн сайын қабылдап отыратын қызметкері бар тұрақты бір органға айналдыру керек қажет деп санаймын» (Ақмола облысы, ер.).

Сондай-ақ **халықты** ҚК туралы **ақпараттандыруды арттыру үшін БАҚ-та ҚК жұмысын жариялау** қажет деп санайды (2,4%):

«...ҚК жұмысын БАҚ-та жариялау, бұл тұрғыда халық аз біледі, өйткені өзінің баспасөз қызметі жоқ. Республикалық арналар ҚК жұмысын жария етпейді»« (Нұр-Сұлтан қ., ер).

Жұмыстың онлайн-форматын енгізу, атап айтқанда, мәслихаттар отырыстарын трансляциялау мысалы бойынша ҚК отырыстарын трансляциялау ұсынылады (2,4%):

«...Менің ойымша, қоғамдық кеңес те қолжетімді алаңдарда көрсетілуі тиіс» (Шығыс Қазақстан облысы, әйел.).

Терең сұхбат барысында ҚК мүшелері ҚР АҚДМ алдында ҚК комиссиялары төрағаларының есеп беру практикасын енгізу (2,4%), қоғамдық бақылау туралы заңды құру (2,4%), ҚК отырыстарына азаматтық сектор өкілдерін шақыру (2,4%) және Қазақстан өңірлерінде басқа ҚК-мен тәжірибе алмасу (2,4%) қажеттілігін белгіледі.

1.3. БАҚ-та жария ету арқылы қоғамдық кеңестердің қызметі
Инфографика 11

1.3.1. Республикалық БАҚ-ды талдау

ҚР СІМ

БАҚ-дың негізгі назары қазақстандық делегацияның БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясына қатысу қорытындыларын жариялау бөлігінде ҚК-ң қызметі туралы халықты хабардар етуге, сондай-ақ ҚР БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүшелігінің басымдықтары туралы хабардар етуге бағытталған. Бұдан басқа, қазіргі уақытта мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы қарастырылып жатыр, дипломаттардың сыртқы саяси қызметіне жұмсалатын шығыстарды үнемдеу қатысты тақырыптары, «Жусан» арнайы операциясының, «Русафа» акциясының қорытындылары, қазақстандық сарапшылардың шетелдік іс-шараларға қатысу нәтижелері, 2020 жылғы мерейтойлық іс-шаралар, сондай-ақ «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің жұмысы қарастырылып.

ҚР ИИДМ

